



4-7 66

ШӘКІРТТЕРІМНІҢ БӘРІ ЕСІМДЕ

Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген Жоғарғы мектеп қызметкері, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі, Zhubanov University «Қолданбалы математика және информатика» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Сартабанов Жайшылық Алмағанбетұлы 80 жасқа толады. Мерейтой қарсаңындағы сырлы сұқбат.

Г.Қараша.

Осы санда

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН
АУДАН БАЙЛАНЫСЫ:
ОРТАҚ МАҚСАТ



8-11 66

СӘУІР — ҒЫЛЫМ АЙЫ



12-13 66

РЕКТОР ФЕРРОҚОРЫТПА
ЗАУЫТЫМЕН ТАНЫСТЫ



16-6

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АУЫЗАШАР БЕРДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында Рамазан айында ауыз бекіткен жамағатқа арнайы дастарқан жайып, ауызашар берді. Мемлекет басшысы дастарқан басында ауызашар сияқты игі дәстүрдің халықтың береке-бірлігінің нығайуына ықпалы зор екенін атап өтті. Сондай-ақ ол әділетті қоғам құрудың маңыздылығына тоқталды.

«Жақын арада Конституциямызды өзгертетін болдық. Бірақ, ең алдымен, жұртымыздың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Бұл — оңай шаруа емес. Алдымызда көптеген түйткілдер бар, сондықтан бәріміз жұмыла еңбек етуіміз керек. Ең бастысы, ниетіміз таза, пейіліміз түзу болуға тиіс. Бір-бірімізге жанашырлық танытуымыз керек. Қазір бүкіл адамзатқа дәл осындай қасиеттер жетіспей жатыр», — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға дұрыс бағыт-бағдар берілуі керек екенін, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу, отаншыл жастар ғана келешектің иесі болатынын ерекше атады.

Мемлекет басшысы ислам дінінің өркениет құндылықтарын, бейбітшілік ұғымдарын насихаттайтынын атап өтті.

— Жұртымыз қашанда бейбіт өмірді бағалай білген. Біз осы ұстанымнан айнамаймыз. Ол үшін елімізге береке-бірлік, өзара түсіністік қажет. Ислам адамдарды бөлінуге емес, бірлікке шақырады. Имандылық — ең асыл қасиет. Сондықтан, дәстүрлі дініміз ұрпақ тәрбиесінің өзегі болуы керек. Ұрпаққа осындай өнегелі тәрбие беру — бәріміздің ортақ міндетіміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Рамазан айы 2 сәуір мен 1 мамыр арасында өтті.

КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ДАЛ АУЫЗАШАР ДЛЯ ПОСТЯЩИХСЯ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Тоқаев в резиденции «Ақорда» в месяц Рамадан организовал специальный дастархан для постящихся. Глава государства отметил, что такие добрые традиции, как ауызашар, оказывают большое влияние на укрепление единства народа. Он также подчеркнул важность создания справедливого общества.

«В ближайшее время мы изменим Конституцию. Но, прежде всего, необходимо модернизировать сознание нашего народа. Это непростая задача. У нас много проблем, и мы должны ра-

ботать вместе. Главное, чтобы наши намерения были чистыми. Мы должны сопереживать друг другу. Сейчас всему человечеству не хватает именно таких качеств», — сказал Президент.

Касым-Жомарт Тоқаев особо отметил, что молодым людям нужно правильно ориентироваться, и только образованной, открытой, энергичной, патриотичной молодежи открыты двери будущего.

Глава государства сказал, что ислам пропагандирует цивилизационные ценности, концепции мира.

«Мы всегда ценили мирную жизнь. Для этого стране необходимо единство, взаимопонимание. Ислам призывает людей к единству, а не к разделению. Нравственность — самое благородное качество. Поэтому наша традиционная религия должна стать ядром воспитания поколений. Это наша общая задача», — сказал Касым-Жомарт Тоқаев.

Месяц Рамадан в этом году прошел с 2 апреля до 1 мая.

KASSYM-JOMART TOKAYEV GAVE AUYZASHAR FOR FASTING

President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev organized a special dastarkhan for fasting at the Akorda residence in the month of Ramadan. The Head of State noted that such good traditions as auyzashar have a great impact on strengthening the unity of the people. He also stressed the importance of creating a just society.

“We will change the Constitution in the near future. But, first of all, it is necessary to modernize the consciousness of our people. This is not an easy task. We have a lot of problems, and we have to work together. The main thing is that our intentions are pure. We have to empathize with each other. Now the whole of humanity lacks exactly such qualities”, - the President said.

Kassym-Jomart Tokayev emphasized that young people need to navigate correctly, and only educated, open, energetic, patriotic youth have the doors of the future open.

The Head of State said that Islam promotes civilizational values and concepts of peace.

“We have always valued peaceful life. To do this, the country needs unity and mutual understanding. Islam calls people to unity, not division. Morality is the most noble quality. Therefore, our traditional religion should become the core of the education of generations. This is our common task”, - Kassym-Jomart Tokayev said.

The month of Ramadan this year was held from April 2 to May 1.

ҒЫЛЫМ АРДАГЕРЛЕРІ ИНСТИТУТЫН ҚҰРУ ҰСЫНЫЛДЫ

Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова университеттің Ардагерлер кеңесі мүшелерімен кездесті. ЖОО басшысы ардагер-ұстаздардың университеттің жаңа даму сатыларына, оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты ақыл-кеңес, бағыт-бағдарының қашанда құнды екенін атап өтті.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жайшылық Сартабанов ұйымның атқарып жатқан жұмысына шолу жасады. Кездесу барысында денсаулық ахуалына және әлеуметтік жағдайына байланысты қамқорлыққа мұқтаж ардагерлер барын, оларға тұрақты жәрдем беріп тұру мәселесі айтылды.

Қуанышбек Шүнкеев ардагерлер оқу орнының ғылыми потенциалын көтеруге қауқарлы екенін, сондықтан Ғылым ардагерлері институтын құру туралы ұсынысын айтты.

Ректор Л.Қарабасова кездесуге қатысқан Найля Мухаметхузинуны 80 жас мерейтойымен құттықтап, университеттің Кәсіподақ ұйымы дайындаған сыйлығын тапсырды.

ПРЕДЛОЖЕНО СОЗДАТЬ ИНСТИТУТ ВЕТЕРАНОВ НАУКИ

Ректор Zhubanov University Лаура Карабасова встретила с членами Совета ветеранов университета. Руководитель вуза отметила, что всегда ценны рекомендации и наставления педагогов-ветеранов, касающиеся новых этапов развития университета, учебно-воспитательной работы.

Председатель совета ветеранов Жайшылык Сартабанов представил обзор работы организации. В ходе встречи были озвучены вопросы оказания постоянной помощи ветеранам, нуждающимся в заботе по состоянию здоровья и социального положения.

Куанышбек Шункеев отметил, что ветераны могут повысить научный потенциал учебного заведения, поэтому предложил создать институт ветеранов науки.

Ректор Л.Карабасова поздравила участницу встречи Найлю Мухаметхузину с 80-летним юбилеем и вручила подарок, подготовленный профсоюзной организацией университета.

IT IS PROPOSED TO CREATE AN INSTITUTE OF VETERANS OF SCIENCE

Rector of Zhubanov University Laura Karabasova met with members of the Council of Veterans of the University. The head of the university noted that the recommendations and instructions of veteran teachers concerning the new stages of the university's development, educational work are always valuable. Chairman of the Council of Veterans Jaishylyk Sartabanov presented an overview of the organization's work. During the meeting, issues of providing permanent assistance to veterans in need of care for health and social status were voiced.

Kuanyshebek Shukeev noted that veterans can increase the scientific potential of the educational institution, therefore he proposed to create an Institute of Veterans of Science.

Rector L.Karabasova congratulated the participant of the meeting, Naila Mukhametkhuzina, on her 80th birthday and presented a gift prepared by the university's trade union organization.

Басты жаңалықтар

Главные новости

Main news



ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫН

Zhubanov University Білім алаңында білім алушылар үшін зияткерлік ойын өткізілді.

Оған барлық факультеттің және Жоғары колледж студенттерінің командалары қатысып, білімдерімен жарысты.

Командаларға қойылған сұрақтар жалпы танымдық болғанымен саясат, тарих және нақты ғылым салалары төңірегін қамтыды.

Командалар сондай-ақ, университет ректоры Лаура Қарабасованың, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Рахым Бекназаровтың, Стратегиялық даму және цифрландыру жөніндегі проректор Алтыншаш Бекбауованың, Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Есбол Мұханбетқалиевтың, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Людмила Мясниковааның жолдаған бейнесұрақтарына да жауап берді.

Табиғат аясында өткен білім жарысында тарих факультеті командасы, педагогика факультеті командасы, Жоғары колледж командасы ең жоғары нәтиже көрсетті.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ИГРА НА ПРИРОДЕ

На площади знаний Zhubanov University прошла интеллектуальная игра для студентов. В ней соревновались команды всех факультетов и учащиеся высшего колледжа.

Вопросы, заданные участникам, были общеизвестными, охватывали области политики, истории и точных наук.

Команды также ответили на видеовопросы ректора университета Лауры Карабасовой, проректора по науке и инновациям Рахима Бекназарова, проректора по стратегическому развитию и цифровизации Алтыншаш Бекбауовой, проректора по социальной и воспитательной работе Есбола Муханбеткалиева, проректора по академическим вопросам Людмилы Мясниковой.

В интеллектуальном соревновании на природе самые высокие результаты показали команды исторического и педагогического факультетов, а также команда высшего колледжа.

INTELLECTUAL GAME IN NATURE

An intellectual game for students was held at the Zhubanov University Knowledge Square. Teams of all faculties and students of the higher college competed in it.

The questions asked to the participants were well-known, covering the fields of politics, history and exact sciences.

The teams also answered video questions from University Rector Laura Karabasova, Vice-rector for Science and Innovation Rahim Beknazarov, Vice-rector for Strategic Development and Digitalization Altynshash Bekbauova, Vice-rector for Social and Educational Work Esbol Mukhanbetkaliev, Vice-rector for Academic Affairs Lyudmila Myasnikova.

In the intellectual competition in nature, the highest results were shown by the teams of the historical and pedagogical faculties, as well as the higher college team.

ФИЗИКА ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Zhubanov University университетін биыл педагогикалық білім бағыты бойынша 900-ге жуық түлек бітіреді. Оның ішінде 456 студент мемлекеттік грант негізінде оқыды.

Университет ұйымдастырған бос орындар жәрмеңкесіне облыстық, қалалық, аудандық білім мекемелерінің өкілдері мен Ақтөбе гуманитарлық колледжі директоры қатысты.

Бітіруші түлектер арасынан физика, математика пәнінің болашақ мұғалімдеріне сұраныс жоғары болды. Білім бағытының қалған мамандық иелері де жұмысқа шақырту алу үшін резюмелерін тапсырды.

Білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші түлектер үшін ұйымдастырылатын бос орындар жәрмеңкесінің бұл алдын-ала шарасы. Мұндай шаралар тағы бірнеше рет өтетін болады. Сондай-ақ өзге білім бағдарламасы бойынша да.

Түлектерді кәсіби мамандығына сай жұмысқа орналастыру Zhubanov University ұстанатын басым бағыттардың бірі.

“Осылайша түлектерді жұмысқа алдын-ала орналастырдық. Білім бөлімдерімен тығыз жұмыс жасай береміз. Университет миссиясы — түлектердің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына көмек беру, бұл бағытта жұмыстар жалғаса береді.

Ғылым бағытын таңдайтын түлектер үшін магистратура есігі ашық. Алда үлкен науқан”, — дейді шараны ұйымдастырушы, Кәсіби бағдар

беру және қабылдау комиссиясы бөлімінің басшысы Рауан Жалтырбаева.

профориентации и приемной комиссии Рауан Жалтырбаева.

ВОСТРЕБОВАНЫ УЧИТЕЛЯ ФИЗИКИ И МАТЕМАТИКИ

В этом году Zhubanov University оканчивают около 900 выпускников по направлению педагогическое образование. Из них 456 студентов обучались на основе государственного гранта.

В ярмарке вакансий приняли участие представители областных, городских, районных учреждений образования и директор Актобинского гуманитарного колледжа.

Работодатели выразили интерес к будущим учителям физики и математики из-за высокой востребованности. Студенты остальных специальностей также оставили резюме для получения приглашения на работу.

Это предварительная ярмарка вакансий, которая организуется для выпускников по всем образовательным программам. Такие мероприятия пройдут еще несколько раз.

Трудоустройство выпускников по профессии является одним из приоритетных направлений Zhubanov University.

«Таким образом, мы заранее трудоустроим выпускников. Продолжаем тесно работать с отделами образования. Миссия университета — содействие выпускникам в трудоустройстве по своей специальности. Работа в этом направлении будет продолжена. Для выпускников, выбирающих науку, открыты двери магистратуры. Впереди большая акция», — рассказало организатор мероприятия, руководитель отдела

THE PROFESSIONS OF PHYSICS AND MATHEMATICS TEACHERS ARE IN DEMAND

This year, about 900 graduates of Zhubanov University graduate in the direction of pedagogical education. Of these, 456 students studied on the basis of a state grant.

The job fair was attended by representatives of regional, city, district educational institutions and the director of Aktobe Humanitarian College.

Employers have expressed interest in future teachers of physics and mathematics because of the high demand. Students of other specialties also left a resume to receive a job invitation.

This is a preliminary job fair, which is organized for graduates in all educational programs. Such events will take place several more times.

Employment of graduates by profession is one of the priorities of Zhubanov University.

“Thus, we employ graduates in advance. We continue to work closely with the education departments. The mission of the university is to assist graduates in finding employment in their specialty. Work in this direction will continue. The doors of the magistracy are open for graduates who choose the direction of science. There is a big action ahead,” said the organizer of the event, head of the Department of career guidance and admissions Committee Rauan Zhaltyrbaeva.

✓ Congratulations

ОТАНЫМЫЗҒА ШЕКСІЗ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ҮЛГІСІ

Қоғамда әрқашан табиғат құбылысына ұқсас адамдар болады. Олардың ғалым-педагог ретіндегі табиғи, тума талантты әріптестерінің ортасынан ерекшелейді. Бұндай дарынды адамдардың қоғамға әкелер еңбегі зор, әртүрлі күрделі құбылыстарды тереңірек, кеңірек көруге қабілетті жандар. Құрметті Жайшылық Алмағанбетұлы осындай адам.

Ол академик О.А.Жәутіковтың және корреспондент-мүше Д.У.Үмбетжановтың әйгілі математикалық мектебінен өтті және дифференциалдық теңдеулер теориясы саласында белгілі маман болып отыр.

Оның ғылыми-педагогикалық қызметі біздің елде де ғана емес, шетелде де мойындалды. Қазақстанның көптеген университеттерінің математика және физика мамандығының студенттері Жайшылық Сартабановтың оқулықтары бойынша білім алып жатыр.

Сондай-ақ Жайшылық Алмағанбетұлы әрдайым бізге, әріптестеріне қол ұшын беруге дайын, оны математиктердің лайықты ұрпағын тәрбиелеуге көп күш жұмсайтын мейірімді адам ретінде танимыз. Ғалымның өмірге деген оптимистік көзқарасы, жастардың математикалық біліміне байланысты көптеген істерге күнделікті қатысуы бізді таңқалдырады. Осындай қасиеттері үлгі алуға ынталандырады. Адамға білмейтін нәрсені түсіндіре білу — бұл ерекше қасиет. Осындай дарынын еліміздің ғылымға құштар жастарын нақты ғылымдардағы қабілеттерін дамыту үшін қосқанына үлкен алғыс айтамыз!

Студенттермен белсенді жұмыс істей отырып, еліміздің қуатты ғылыми әлеуетін құрып, теориялық және қолданбалы ғылым үшін жоғары білікті мамандарды дайындады. Ол көптеген түлектер ұрпағы үшін Отанымызға шексіз қызмет етудің үлгісі болып табылады.

Сізді 80 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыңызға бақыт және Қазақстанның математика ғылымының игілігі үшін жұмысыңызда шығармашылық табыс тілейміз.

Мұрат Рамазанов
физика-математика
ғылымдарының докторы,
профессор.

Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
Математика және
ақпараттық технологиялар
факультетінің ұжымы атынан.
Қарағанды қаласы

✓ Anniversary

Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жоғарғы мектеп қызметкері, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары Академиясының академигі, Zhupanov University "Қолданбалы математика және информатика" ғылыми-зерттеу орталығының директоры, физика - математика ғылымдарының докторы, профессор Сартабанов Жайшылық Алмағанбетұлы 80 жасқа жетті. Мерейтой қарсаңында өмірі жайлы, өмірін арнаған математика ғылымы жайлы, қазақ ғылымының бүгінгі ахуалына көңіл-күйі жайлы, үзегілес және жас әріптестері жайлы, бағыт-бағдар көрсетіп, тәрбиелеген шәкірттері жайлы әсерлі әңгімесін тыңдадым. Жан сарайым кеңіп, ойым өрістеді. Математикаға ғашық боп қалдым. Жақсы адамның таза энергетикасынан қуат алдым. Сұқбатын бірге оқиық.



ШӘКІРТТЕРІМНІҢ

— Сізді алдағы мерейлі жасыңызбен құттықтап қояйын. Қуатты болыңыз. Осы уақытқа дейін жүріп өткен өмір жолыңызға ризасыз ба?

Өскен ортаңыз жайлы да естелік айта отырсаңыз.

— Құттықтауыңызға үлкен рақмет! Өткен өмір жолыма ризамын. Өмірімде асықпай жүріп, анық басуға тырыстым. Айтарлықтай ойнарлық жағдай болған жоқ.

Өскен ортам жайлы айтар болсам, балалық шағым соғыс кезіне, сосын соғыс зардабын жою кезеңіне сәйкес келді. Тапшылық заман болды. Қиындықты "көппен көрген ұлы той" дегендей жағдайда көтердік.

Мектептік ортам екеу: бірі — бұрынғы Дамбар ауылдық жеті жылдық, қазіргі Т.Шанов атындағы орта мектеп, екіншісі — №1 Шалқар қалалық қазақ орта мектебі. Ауыл интернатындағы және қалалық пансионда жатып оқыған кездерім ерте есейткендей болды. Қауымдық өмірдің ерекшелігі осындай.

Студенттік ортам ҚазМУ-дің механика-математика факультеті, жатақханалық тұрмыс, студенттік еңбектік айлар: мақта теру, ауыл шаруашылығында малға азық дайындау және құрылыс отрядындағы өндірістік жұмыстар. Осылар оқу-білім-ғылыми ізденістерімізді және жастық өмірімізді мазмұндырақ етіп жібергендей. Қауымдық қатынастардың орны бөлек екенін тағы қайталайын.

Қызметтік ортам — жалғыз. Ол — Ақтөбе педагогикалық институты,

оның мұрагері Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің студенттер-профессор-оқытушылар ортасы. Университеттің оқу-тәрбие-ғылыми өсуіне үздіксіз 56 жыл еңбек сіңірдім, университетім мені қарапайым оқытушылықтан ғылым докторы, профессорлық дәрежеге көтерді. 20 жылдай кафедра меңгердім, 20 жылдай факультет басқардым, математикалық ғылыми орталықты басқардым, ректорға кеңесші болдым. Университет көлеміндегі марапаттауларды түгел алдым десем де болғандай.

Еңбектік жолым тұрмыстық өміріммен үйлесімді болды.

— Алдыңыздан талай шәкірт өтті. Қай шәкіртіңіз есте қалды? Тағдырынан хабардарсыз ба?

— Шәкірттердің саны жағынан факультет көлемінде 52 рет түлектер ұшырып, 15-20 мың маман дайындауға ат салыстым деп есептеймін. Сабақ үлгеріміне байланысты талай алғыр, қабілетті, есеп шығарғыш шәкірттерім де алдымнан өтті. Шәкірттерімнің бәрі есімде.

Ұстаз ретінде алды республикамызға, қалды облысымызға белгілі факультет түлектері — ел азаматтары Сағындық Елеусін, Шаңғұтов Серік, Садықов Жалғас, тағы басқа азаматтарды атап, олардың абырой-даңқы арқылы өзімді көтеріуіме болады, мақтануыма болады.

Ғалым ретінде Түркияда қызмет етіп жүрген, менен дәріс алған шәкірттерімнің бірі, ғылым докторы Ахметов Маратты айтып мақтанамын. Ел ішіндегі шәкіртім, университетімізді 27 жыл басқарған ғылым

докторы, академик Кенжебаев Кенжеғалимен мақтанамын.

Өзімнің ғылыми жетекшілігіммен төл шәкірттерім атанған ғылым докторы Бержанов А.Б., ғылым кандидаттары Бекбауова А.У., Кулик А.И., Мухамбетова А.А., Кульжумиева А.А., Курманғалиев Е.К., Алеуова З.Ж., Алимағанбетова А.З. және Ph.D докторы Омарова Б.Ж., диссертацияларын қорғауға дайындап жатқан шәкірттерім Жұмағазиев Ә.К., Айтенова Г.М., Убаева Ж.К. және басқа шәкірттерімді қуана алға тартамын.

Осылайша ұстаз ретінде де, ғалым ретінде де тұл емес екенімді еске алып, қуаттанамын.

— Математиканың қатысыңыз нәрсе аз. Өзіңіз де күнделікті тұрмыста математикалық шешімдерге жиі сүйенетін боларсыз?

— Дұрыс айттыңыз, математика қатыспайтын дүние жоқ. Себебі, дүние өзінің кеңістіктегі мөлшері және уақытпен қозғалысы арқылы анықталады. Демек, дене формалық және қозғалыстық шамалар арқылы сипатталады, ал математика денені шамалық қасиеттерімен танудың әдістерін жасақтаумен айналысады. Сондықтан қоғамдық дүние өзгергеннен математика ғылымы өз функциясын өзгертпейді, тек нашар қоғам ғана оған көңіл бөлмей, математиканы ренжітуі мүмкін.

Адам — дүниенің жеке мысалы. Күнде өз қызметінді қалыпты күйде атқарып, шаршамай, ауырмай жүрсең, онда сен математикалық те-

пе-теңдікте жүргенің. Егер артық қимылдап, шаршасаң, не етті көп жеп ауырып отырсаң, онда математикалық тепе-теңдіктен ауытқығаның. Демек, сен математиканың қадағалауыңдасың, одан қашып құтыла алмайсың. Ендеше, күнделікті тұрмыста есеппен жүріп, есеппен басуың керек, басқаша баппен жүріп, аяғыңды анық басуың керек.

Андап қарасаң бір күнгі тұрмысың басқа күнгі тұрмысыңа ұқсас, айырмашылығы жоқтың қасы. Бұл тұрмысыңның математикалық периодының ритмге бағынатынын көрсетеді, басқаша, бұл — дүние деңгелектің кіші көрінісі.

Сондықтан табиғаттың бөлшегі — адам ретінде математикалық шешімге сүйенбеймін деп айта алмаймын. Қарапайым мысал: машинмен университетке бармақшы болсам, әуелі қандай көшелермен жүретінімді анықтап, сол траекториямен межелі жеріме жетемін. Бұл да математикалық шешімнің мысалы.

Дүкенге барғым келсе, алдымен теңгемнің шамасына қараймын.

Мамандық бойынша тұқымқуалаушылық жалғасса, ол жақсы болар еді. Математикадан мектеп көлемінде, жоғары оқу орны деңгейінде үлгерімі көзге түсіп жүрген фамилиялас туысқандар ішіндегі, жиендер арасындағы ағайындар баршылық. Бәрі де маған сізден жұққан деп жатады. Оған қуанамын. Кейбіреулеріне мектепке барарда батамды бергенім де бар.

Қазір жастар IT технологиясы мамандығын тәуір көреді. Мектепті жақсы бітіріп, көбі сол мамандыққа кетіп жатыр. Өзімнің немеремнің үлкені — Самғатым да Алматыдағы физика-математика мектебінен кейін, осы мамандықты таңдады. Халықаралық IT технологиялар университетінде студент. Математика оның хоббиі тәрізді, қаникул кездерінде кейбір жастарға математикадан консультация беріп жүр. Түбінде математиканың IT-мен айналысады деп үміттенемін.

Туған жиен-немерем Даянам Ресейдің Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясының бірінші курсына, озық студенттер қатарында. Мектепті Қы-

натын болған соң оны жаратылыс ғылымдарына қосып жібереді. Олардың ішінде физика — грекше табиғат деген сөз, дүниенің жалпы қасиеттерін зерттейтін ғылым саласы. Қолданатын әдістері — математикалық тәсілдер. Осыдан физ-мат деген сөз тіркесі шыққан. Альхимия сөзі латынша заттың құрамы деген мағынаны білдіреді. Оның үлкен бір саласы физикалық химия деп аталынады және оның да қолданатын әдістері физикалық заңдылықтар мен математикалық тәсілдер.

Сондай-ақ, зоология сөзі — гректің жануар туралы ілім сөзін білдіреді, ал биология — өмір ілімі деген сөз. Қазір био-өмір сөзінен басталатын биосфера, биокатализатор деген сияқты ғылым салалары өте көп. Соңғы кезде биологиялық математика деп аталынатын ғылым саласы қатты өрістеуде.

Осыдан ұлы ғалымдардың "Математика — табиғаттанудың тілі" деген қанатты сөзі шыққанын көреміз.

Уақыт өткен сайын табиғат өзгереді, оған сәйкес оның тілі математика да құбылады. Осыдан заманауи математикалық әдістер пайда болады. Оларды ашу — қазіргі математик-ғалымдардың міндеті.

Жақсы үкіметті Жаңа Қазақстан математикалық ғылымды қамқорлыққа алуы тиіс. Жетекші елдердің мықты оқу орындарының филиалдарын ашумен қатар математикадан монографиялық еңбектер жазуға, математикалық әдебиеттерді қазақша дайындауға қаржы мол бөлуі тиіс. Қазақ ғалым қаламгерлеріне көтеріңкі көңіл бөлуі керек. Талантты әл-Фараби ұрпақтары баршылық. Шетел ғалымдарымен ұлттық ғылымды дамытамын деген негізсіз бос қағида. Ол шетел ғылымын дамытуға ғана қамқорлық. Ұлттың ғылымын ұлт ұрпақтары ғана дамытады. Соларға көңіл бөлінуі керек.

Қазір ЖОО орындарында математика ғылымы — математиканы сүйетіндердің хоббиі тәрізді жағдайда. Математиканың дамуы республиканың барлық қалаларында қатар өрістеуі керек. Гормониялық дамуды қалыптастыру керек. Ол үшін ғылымдағы монополизмнен, жершілдіктен құтылу әрекеттерін қарастыру қажет.

(Басы. Жалғасы 6-7 беттерде)

☑ Congratulations

АКАДЕМИЯЛЫҚ МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУШЫ

Жайшылық Алмағамбетұлы — қазақ математикасының аға буыны мен орта буынын байланыстырушы, жалғаушы алтын көпірі, еліміздегі академиялық математика ғылымының іргетасын қалаушы атақты ғалым, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі Орымбек Ахметбекұлы Жаутықовтың дарынды шәкірттерінің бірі, белгілі ғалымдар: профессор Вадим Хрисанфович Харасахал мен ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Дәулет Үмбетжанұлы Үмбетжановтың зерттеулерін жалғастырушы, функционалдық дифференциалдық теңдеулердің көп периодты тербелістері теориясында өзінің дара жолын салған белгілі ғалым, ұстаз. Оның ғылыми зерттеулері Украина ҰҒА академигі, атақты ғалым Анатолий Михайлович Самойленконың, Қырғыз Республикасы ҰҒА академигі Мурзабек Иманалиұлы Иманалиевтің, ҚР ҰҒА академигі Нұрғали Қадірұлы Біліев пен Құлжабай Әбдіқалықұлы Қасымовтың тарапынан қолдау тауып, бірқатар жоғары рейтингті мерзімді басылымдарда жарияланды.

Жайшылық Алмағамбетұлының ғылымдағы жетістіктерін айтар болсақ: 400-ден астам еңбектері, оның ішінде 4 монография мен 5 әдістемелік оқу құралдары бар, жарыққа шыққан, физика-математика ғылымдары саласында 7 ғылым кандидаты мен 1 ғылым докторын даярлаған, жаңа талаптар бойынша 1 философия докторын (Ph.D) әзірлеген, тағы 2 докторанты диссертациясын қорғауға дайын. Осының барлығы көп жылғы қажырлы еңбектің, талмай ізденудің және еңбекқорлықтың айқын көрінісі деуге болады. Оған қоса 56 жыл Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде (бұрынғы Ақтөбе педагогикалық институты) студенттерге дәріс беріп, қарапайым оқытушыдан профессор, факультет деканы, ректор кеңесшісі лауазымдарына дейінгі қызметтік сатылармен көтерілген ұстаз-педагог.

Жайшылық Алмағамбетұлы өзінің сабырлы, салиқалы келбетімен нағыз профессор, ғалымның бейнесі қандай болу керек деген сұраққа жауап береді. Ағамыздың туындаған әр мәселені, әр математикалық сұрақты зор ыждағаттылықпен, еюкей-тегжейлі зерделеп, жан-жақты баяндап, түсіндіргеніне талай рет куә болдым. Жайшылық аға — қазақ елінің, жерінің, әсіресе батыс өңірінің тұнып тұрған тарихын жете зерттеген шежіреші. Қазіргі уақытта тарихты осы кісіді жетік білетін адамдарды өте сирек кездестіруге болады.

Анар Асанова
физика-математика
ғылымдарының докторы,
профессор.
Математика және
математикалық моделдеу
институтының бас ғылыми
қызметкері.
Алматы қаласы

БӘРІ ЕСІМДЕ

Бастығыңа шаруамен бармақшы болсаң, ол кісіні қанша рет ренжітіп алғаныңды, қанша рет ол сүйінетіндей іс істеп едің, соны санайсың да, мөлшерін анықтайсың. Сосын оған бұл жолы бару-бармауды шешесің. Бұған қалайша математиканың қатысы жоқ деп айта аласың?!

Математикалық қатыстар тұрмыста да, ғылымда да, қоғамдық және техникалық прогрестің де негізгі сипаттаушылары.

— Кей отбасында мамандық таңдауда ұрпақтар үндестігі сақталады. Сіздің шаңырағыңызда да осы үрдіс бар сияқты.

— Әулетімізде өзімді екінші буын ұстазым деп есептеймін. Сөбі, әкеміз туған інісі мұғалім болды, соғыс ардагері еді.

зыл аттестатпен бітірген. Демек, математикаға да бөтен болмағаны.

Жоғарыда айтқан ағамның немересі Сартабанова Жанар IT мамандығы бойынша Ph.D докторы. Ғылыми жетекшісі Болгария ғалымы. Жанар осы университетте қызметкер.

Сабақтастық — үзіліссіз өмір заңы.

— Математиканың ғылымдағы орны қашанда зор болған. Қазір қалай деп айтар едіңіз?

— Математика — бар ғылымның негізі. Математика грекше таным сөзін білдіреді. Ғылымды классификациялағанда 1) математика, 2) жаратылыстық ғылымдар, 3) гуманитарлық ғылымдар болып үшке бөлінеді. Жаратылыс ғылымдары математикалық әдістерді жиі қолда-



ШӘКІРТТЕРІМНІҢ БӘРІ ЕСІМДЕ

(Соңы. Басы 4-5 беттерде)

Қазір республикалық ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми нәтижелер ғылым санатына жатпайтын жағдайда. Шетелдің жақсы журналына ақша төлеп, жүдеулеу мақаламен бедел жинаушылар көбеюде. Ел журналдары — магистранттар журналдарына айналды. Беделді ғылыми баспа жоқ.

Математикада теориялық сала алда жүруі қажет. Бұл іргелі ғылымның ерекшелігі. Орынсыз қолданбалылық талап ету, ғылымның қаржы табу мәселесін қою біздің өліміз үшін ертелеу деген ойлар келеді.

Министрлік жанынан ғылымды жоспарлайтын, нәтижелерді бағалайтын, қадағалайтын, тақырыптарды координациялайтын, ғылымға ұлттық мүдде тұрғысынан қарайтын басқару институты жетпей тұрғанын сезінеміз.

Шетелдік ғалымдар қазақстандық ғылыми баспаларға сілтеме жасап, жүгінетіндей жағдайға жетуіміз керек деген мәселе неге қойылмайды?

Жақсы ғылыми нәтижелерді шетел баспасынан шығару — байлардың ақшаларын шетелдік банкке салғанмен тең. Неге шетелдік мықты ғалымдар өз нәтижелерін қазақ баспаларына бермейді? Неге бізді, ғалымдарды, мақаланды шетел баспасынан шығаруың керек деп қинайды? Қазіргі ғылымға қойылған талаптар біржақты. Неге алдымен біздің жақсымызды ақша арқылы шетел айтуы керек? Алдымен біз өз жақсымызды өзіміз жақсы деуіміз керек. Өзінің базасын өзі білмеу, ол жоқпен бірдей! Осындай сұрақтар алаңдатады.

— Көп жылғы еңбегіңіздің нақты жемісі неден көрінді? **Сартабанов мектебі қалыптасты ма? Бір пікіріңізде "Ғылым жақындастырады"** деген екенсіз. Бұл математика саласына тікелей қатысты сияқты. Себебі бір мақсатқа ұйысып еңбек етіп жатқан математиктерді жиі байқаймыз. Тіпті шетелдік әріптестерімен де.

— Ғылыми мектеп құру үшін 1) ғылымға баулыған шәкірттің өзіңмен бірге зерттеу жұмысын жалғастыруы керек, 2) айлығы тұрмыс талабына сай болуы керек, 3) ғылыми маман абыройын көтеруге ықпалды болуы қажет. Бұл үш талапты қанағаттандыратындай етіп шәкірттеріңді бір уыста ұстау қазір ғалым үшін қиын шаруа. Ол жағынан келгенде, ғылыми мектебім бар деген сөзді қинала айтамын. Бар дейтінім, қазір 3-4 докторантыммен зерттеу жүргізіп жүрмін, ғалым үшін олар бір ұжым, ғылыми мектеп. Ал, қинала, күдіктене айтуым өзім дайындаған он шақты шәкіртім тіршілік қамымен әр мекемеде, әртүрлі қызметте жүр. Олардың адами жақын-



дығы маған бар да, зерттеу жүргізудегі жақындығы ала-құла. Егер оларды қоссам ғылыми мектебім бар деп айта аламын. Көп шәкірттің ішінде ғылымда сүйеніш бола алатын, кемі біреуі болса, онда мектептің келешегінен үміттенуге болады. Сонда ғана ғылыми мектебім қалыптасты деп сеніммен айта аламын. Ондай шәкірттерім жоқ емес.

Құрған ғылыми мектебім, ғылыми дәрежелі шәкірттерім, жарияланған монографиялық еңбектерім мен көп сан мақалаларым — тынымсыз еңбегімнің жемісі.

Қазір докторанттарымды МГУ-де көп жыл профессорлық қызмет атқарған ресейлік ғалым Сұлтанов Талғат Ядудатович (Уфадан), қырғызстандық ғалым Керимбеков Ақылбек Керимбекович (Бішкектен) және тәжікстандық ғалым, академик Раджабов Нусраттың (Душанбеден) шетелдік консультанттығымен дайындаудамын. Кездесіп, хабарласқан кездерімізде ағайымды адамдай жылы шырай білдіріп жатамыз. Ортақ мақсат, ғылыми ағайындылық шетелдік әріптестерімен осылайша жақындастыруда. Ғылыми серіктестік — ұзақ қалыптасатын құбылыс. Университетіміз осындай ғылыми байланысты үзіп алмауы керек.

— Сіз жетекшілік ететін **"Қолданбалы математика және информатика ғылыми зерттеу орталығы"** жұмысына да 12 жыл толыпты. Көп жетістіктер осы жерде туған болар?

— Оқу ордамыздың қолданбалы математика және информатика ғылыми зерттеу орталығы менің жетекшілігімде. Орталық дифференциалдық теңдеулер теориясының әртүрлі бағыттарын қамтуда.

Университеттің осы көпсалалы математикалық зерттеулері кафедрала және осы орталықта жүріп

жатыр деп есептелінеді. Зерттеулер менің бағытыма баса, 1) Түркияның Анкара университетінің профессоры М.У.Ахметов — М.А.Тілеубергенова ізденіс бағытында, 2) Украинаның ғалымдары А.Н.Станжицкий және А.А.Бойчукпен бірігіп зерттеулер жүргізіп жүрген профессор А.Т.Асанованың ғылыми бағыттары бойынша, сонымен қатар, 3) Тәжікстан ғалымы Н.Раджабовпен зерттеулер профессор Ж.Н.Тасмамбетовтың және 4) Башқұртстан ғалымы М.А.Рамазановпен серіктес Ж.Қайдаровтың ғылыми бағыттарымен жүргізілуде.

Осы ғалымдардың атсалысуымен, менің төрағалығыммен математикадан докторлық диссертация қорғау кеңесі толыққанды жұмыстар атқарды. Соның арқасында, университеттің соңғы жылдары 4 жас оқытушылары Ph.D докторы дәрежесін алды. Монографиялық еңбектер шығарылып жатыр. Осының бәрі зерттеу орталығының көп жылдық еңбектерінің жемісі. Ғалымдардың математика ғылымына қосқан үлестері кафедраның есептік құжаттарында келтірілген. Оның ішінде математиканың нейрондық жүйеге қолданысы жөніндегі университетіміздің түлегі, менің жетекшілігіммен дипломдық жұмысын дайындаған М.У.Ахметовтың бағытын ерекше атағым келеді. Мұндай текті зерттеулер республикамызда бұрын болған жоқ, әлемде де сирек кездесетін нәтижелер.

— Тарихта математиктер арасынан шығармашылық тұлғалар шыққан. Мысалы, ақындар. Сіздің бойыңызда қандай өнер бар?

— Жалпы, мен өзімді жалғыз талғамды адамға жатқызамын. Ғылымда математиканы, оның ішінде дифференциалдық теңдеулердің көпериодты шешімдері мәселелері — менің жалғыз сүйерім. Оған

опасыздық жасай алмаймын. Ақтөбе университеті (бұрынғы пединститут) — басқа институтқа бармай, ерөн сұранып келген оқу орным. Оған опасыздық жасап, қызметке қызығып, басқа жаққа ауыспадым, оны университетіме қиянат деп білдім. Сол сияқты, сүйікті ғылымыма да мен тараптан опасыздық болмақ емес. Дегенмен, дүние мен үшін таңғажайып қиянат деп білдім. Сол сияқты, сүйікті ғылымыма да мен тараптан опасыздық болмақ емес. Дегенмен, дүние мен үшін таңғажайып қиянат деп білдім. Оған пайда болған? Бұл сұрақ бала кезімнен ойымда бар. Ата-анам мен әжемнің айтулары бойынша оны бір Алла жасаған. Кейін, Құдай жоқ деген ілімге тап болдым. Одан, ойым баяғы орнына қайтып келді. Осыдан адам өмірінің, тіршіліктің бастауын білейін деп тарихтан іздеп көрдім. Онымнан да ештеңе шықпады. Дегенмен, реті келсе, тарихты аралау — менің үйреншікті әдетіме айналды, хоббиіме ұқсас. Көп кейін, дін тыйымы басылған соң, Ибраһим дінінің тарихына да көңіл бөлдім. Ұлт тарихы, шынайы ру шөжіресі, жүздік басқару жүйесі, алты алаш ұғымымен туысқандық жүйелердің қалыптасуы, шамамен Жошы ұлысы заманынан бері қарай тарқатыла жазылса деп армандаймын. Қазақ тарихшыларында мұны жазатын тарихшы жоқ-ау деп ойлаймын.

Ислам дінінің тарихымен танысып, екінші таңғажайып құпия — Құран Кәрім тұжырымдарының ақиқаттығына тап болдым. Қасиетті бұл кітап, математика сияқты, аксиоматикалық формада жазылған. Ислам дініне Гетенің берген бағасы да — ғажап дүние.

Сөйтіп, демалыста, қол баста айналысатын әуестенушілігім тарихи таңғажайып мәселелер болып табылады.

Әуестену нәтижесінде 2017 жылы Шалқардың "Шөжірелі өлке" газетіне "Өз бен Сұңқар" атты көлемі 40 беттік тарихнамалық эс-

се жариялады. Әңгіме Әз-Тәуке хан мен адамның сұңқары аталған Тілеу батырдың достық қатынасы, Тілеудің Сайрамдағы қалмақтармен соғысы жайлы түзілген.

Ата-анам жайында, әуестенушілігімнің екінші бір түрі өзім туралы, жұбайым, жақын туысқандарыма, кейде жақсы жолдастарым мен шәкірттеріме сағыныштық тілектестік және ықылас-көңіл білдіру. Құттықтау сөздерімді өлең түрінде білдіретін әуестігім бар. Бұл — ұлттық, халықтық дәстүрді сақтауға тырысушылық. Бұл ақындық өнерге жатпайды. Дегенмен, математика мамандығы сөзді қысқа-нұсқа қайыруға үйретеді, мүмкін соның әсері болар. Мұны нағашы жұртымнан жұққан, тұқымқуалаушылық қасиет болар деп те ойлаймын.

Қазақ ақыл-кеңестерін мақал-мәтел арқылы беруге тырысқан. Ол ұйқасымды екі жол, не төрт жол — бір шумақ өлеңнен тұрады.

Қазақ тілегін бата түрінде, өлең-детіп берген. Баталық шумақтың әр жолы немесе екі жолы бір тілекті білдірген. Тілектің түрлеріне қарай бата бір немесе көпшумақты өлең болып келеді. Баталардың жаттама түрі және жаңадан құрастырған түрі болады. Өлең түріндегі құттықтау — батаның көңілді түрі. Өлең түріндегі көңіл білдіру — діни, даналық сөздермен қиналғанға қуат — дем беру, оны сабырлыққа шақыру.

Өмірден озғандарды сағыну — көбінесе тірісінде қадірін бағалай алмаған өкініш — опыныс түріндегі, рухынан көшірім өтіну түріндегі өлеңді шумақтар.

Кейде, ризашылық немесе наразылық сөздер де жазамын. Осындай әртүрлі мазмұнды ойтолқуларды айту — өлеңдік форманы талап ететін тәрізді. Менің бұл әуестігім осыған саяды. Жақсы сөздер ой толқығанда шығады. Жақсы сөз айту — адами міндетіміз.

Мысалы, келінім Сәбила қайтқанда інім Жайжанға айтқан ақылымы:

*Атбайларым Отанда.
Аналас інім — Жайжанда!
Туыстықты айтқанда,
Қалады менің қай жаным?!
Сәбилам жоқ деп жүнжіме,
Өрісті болған қыздар бар.
Болатын қамқор өзіңе,
Қос таяныш — ұлдар бар.*

Кафедрадағы докторантым Әмірге рақметімді мына әзілді шумақпен білдірдім:

*Қасымдағы шәкіртім,
Құлағым, көзім — Әміре.
Рақмет айтам өзіңе,
Сені берген тәңіріге!*

2018 жылы 1 қыркүйек күні университет студенттеріне де өлеңдік формада бата бергенмін. Тауып айтылған орынды өлең сөздер тыңдаушыларға да, сөз иесіне де қуат берді, әсері еселене түседі.

— Ағай, жан дүниеніңді ақтарып берген жауаптарыңызға алғыс айтамын. 100 жасқа келгенде бірінші маған сұқбат беруге уәде беріңізші. Аман-есен болаңыз!

Гүлнара Қараша

☑ Congratulations

БІРГЕ ЖҮРГЕНІМІЗ ЗАҢДЫЛЫҚ СІЯҚТЫ КӨРІНЕТІНІН БАЙҚАДЫМ

Тағдыр бізді ұзақ жылдар қатар жүріп, бірге ғұмыр кешуге жазыпты. Ортақ үйіміз бұрынғы Ақтөбе педагогика институты, қазіргі Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде бақытты күндерді бастан кешіппіз. Әр уақытта осы оқу орнының қазіргі №2 орта мектебінде орналасқан корпусының есігін 1967 жылдың 15-тамызында алғаш ашқан күнді еске аламын. Физика-математика факультетінің деканы, аяулы азамат, Ұлы Отан соғысының ардагері, доцент Петр Яковлевич Шибаяев факультетпен таныстыру аясында, шамалыдан кейін мені бір «тамаша азаматпен» таныстыратынын айтты. Сол тамаша азаматымыз — Сартанов Жайшылық Алмағанбетұлы болып шықты.

Алғашқы танысқаннан-ақ оның бойында адамды өзіне тартып тұратын кішіпейілділігі байқалды. Оқытушылық қызметі бір жыл бұрын басталса да, еңбекқорлығының арқасында біршама тәжірибе жинақтағаны сөзілді. Оны сол кездерде «Математика» және «Физика» мамандықтарында математикалық анализ курсына пайдаланып жүрген Б.П.Демидов пен Г.Н.Берманның есептер жинағы кітаптары бойынша шығарылып, соншама ұқыптылықпен жинақталған дептерлерінен байқадық. Осылайша алғашқы еңбек жолым, аяулы ағамыз институттың оқу және ғылыми жұмыстары бойынша проректоры, доцент Төлегенов Мырзағали Отарұлы мен аға оқытушы Ж.А.Сартановтардың соңынан математикалық анализ пәні бойынша тәжірибелік сабақтар өткізуден басталды.

Жәкеннің 80 жылдық ғұмырының 56 жылы Жұбанов университетіне қызмет етуге арналған. Оның ішінде тапжылмай, тек физика-математика факультетінде қызмет еткен. Бұдан өз ісіне деген сүйіспеншілікті, өзінің қызмет орнына адалдығын көруге болады. Білім беру ісінде де, ғылымда да әрбір басқан қадамы үлгілі. Үлгіні біз сияқты қатар жүрген інілерімен қатар, одан дәрістер тыңдаған шәкірттері де алып, математика ғылымының биігіне көтерілді. Жеткен жетістіктерін саралайтын болсақ, оның атқарған істеріне «алғашқы болып» деген сөзді қосып айтуға болады.

Оның жетекшілігімен алғашқы болып, Ақтөбе педагогикалық институтында диплом жұмысы орындалды. Диплом жұмысын орындау қазіргі көзқараспен үлкен жетістік емес сияқты болғанымен, орындаушы Ахметов Марат Губайдоллаұлы студенттік жұмыстар конкурсында Оқу министрінің грамотасымен марапатталды. Кейін Т.Г.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінде аспирантура бітіріп, кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады. Ұзақ жылдардан бері Түркия мемлекетінде қызмет жасап, қазір

дүниежүзіне белгілі ғалымға айналды.

Алғашқы болып, Ақтөбе педагогика институтынан аспирантураға оқуға түскен де Жәкен болды. Аспирантура және докторантураны аяқтап, кандидаттық және докторлық диссертацияларын сәтті қорғады. Бүгінгі күні профессор Ж.А.Сартанов математикалық Харасахал-Үмбетжанов мектебінің жетекшісі ретінде, аталған мектепті республикаға және шетелдерге танытып жүрген белгілі ғалым.

В.Х.Харасахал дифференциалдық теңдеулердің периодты дерлік шешімдерін өзі құрған көп-периодты функциялар әдісін пайдаланумен айналысса, ұстазы Д.Ү.Үмбетжанов құрамында кіші параметрлер бар дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйесінің көп-периодты және периодты-дерлік шешімдерін зерттеумен айналысты. Ж.А.Сартанов осы ғылым саласындағы өз жолын іздеп, дифференциалдық және айырымды-функционалдық теңдеулер жүйелерінің проблемаларын зерттеумен айналысты.

Айналысқан проблемалары бойынша 7 ғылым кандидатын, 1 ғылым докторын және 1 Ph.D докторын дайындады. Жыл сайын бірнеше магистрлік диссертацияларға жетекшілік етеді. Бірнеше шәкірті Ph.D докторлығы диссертацияларын қорғауға дайын.

Шәкірттерімен бірге алған нәтижелері жинақталған 4 монография, 5 әдістемелік оқу құралдары жарық көрді. 420-дан астам ірілі-ұсақты ғылыми-әдістемелік жарияланымдарының баспадан жарық көруі Жайшылық Алмағанбетұлының 80-нің сенгіріне құр қол келмегенін көрсетеді. Бұл мәліметтердің бәрі оқу орнының жүктемесін атқара жүріп жасалғанын ескерсек, 80-жылдық мерейтойы аталғалы отырған мерейтой иесінің атқарған қызметінің маңызы арта түсетіні түсінікті.

Жайшылық Алмағанбетұлының әрбір жасаған қадамында өз ісіне деген сүйіспеншілік, тұрақтылық бар. Көпжылдық тәжірибесі оған есіп келе жатқан жас буынға, кейінгі ізбасарларға қандай із қалдырған дұрыс екендігіне бағдар береді. Осындайда:

— Апырай, аға буын ісін кімдер жалғастырады екен? — деген сұрақ туындайды.

Мысалы, ғылыми жұмыстар бар жерде — Ғылыми семинардың өтуі маңызды орын алады. Онда аға буын өкілдері алған нәтижелерімен бөлісіп, жас ұрпаққа, кейінгі ізбасарларға бағыт сілтейді. Жас буын баяндамалар жасап, ғылым сапарына аттаған қадамын шындайды. Факультетте алғашқы ғылыми семинарды белгілі ғалым, аяулы ағамыз доцент М.О.Төлегенов бастап жүргізе бастаған болатын. Әр түрлі себептермен ол жалғасын таппады. Сол келелі істі Жәкен қайта бастады. Ол жалға-

сын тауып, кейін ф.м.ғ.д., профессор К.Кенжебаевпен бірге жетекшілік еткен «Дифференциалдық теңдеулер мен математикалық физика проблемалары» атты республикаға белгілі, әлі күнге дейін жұмыс жасап тұрған ғылыми семинарға айналды. Сонымен қатар Жұбанов университетінде өткен ғылыми семинарлар мен халықаралық деңгейде белгілі болған VIII «Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра проблемалары» атты конференциялардың бірде-бірі оның қатысуынсыз өткен емес. Бейнеті мол конференциялардың жауапты хатшылығы, төрағаның орынбасарлығы ретінде шаруалардың ұйымдастырылуы мен өтуі, материалдардың баспадан шығуы сияқты жұмыстар оның қолынан өтетін. Мұндайда оның ұйымдастырушылық қабілеті екінші қырынан көрінетін. Аталған іске факультет жастарын тартып, тәрбиелеуден жалыққан емес.

Атқарған қызметтеріне сай алған әртүрлі марапаттары мол, ол жөнінде мерейтой иесінің өмірбаянында толық көрсетілген.

Жайшылық Алмағанбетұлы — үлгілі жануя иесі. Ұрпақтары Гүлшара, Қанат, келіні Нұргүл, немересі Даниярлар азаматтық биігінен көрініп жүр. Немересі Самғат — студент. Жанына жақын тұтқан немерелері Рахаты мен Ләззаты өзінің жанында, мектеп оқушылары. Бір өкініштісі — өмірдің қызығы мен қиыншылықтарын бірге көрген жұбайы Рахима жеңеміз арамызда жоқ. Жәкен бұл қайғыны да азамат ретінде қайыспай көтеріп, өмірдің сырларына қалп төтеп беру керек екендігінің үлгісін көрсетті.

Жәке! Өмірдің өз фәлсафасы бар. Үлкендер:

— Бір күншіліктей болмай өте шыққан өмір-ай! — деп отыратын. Сізбен танысқан 55 жыл бір күншіліктей болмай өте шыққан сияқты. Айырмашылығы басымызды ақ қырау шалып, біреуіміз 80-нің сеңгіріне шығып, екіншіміз сол жасты жағалап жүрген сияқтымыз. Осы аралықта өз елімізде, Ресей, Украина, Қырғызстан жерлерінде талай конференциялар мен мерейтойларға бірге қатыстық. Математиктер қауымы да бөлек бір рулы ел тәрізді. Кездейсоқ бір жерге сіз бармай қалған кезде

— Ағаң қайда, неғып жалғыз жүрсің? — деп сұрайтын.

Көп таныстарға біздердің бірге жүргеніміз заңдылық сияқты көрінетінін байқадым. Сол бірге жүрген күндер сағыныш болып қалып тұр.

Мерейтойыңыз құтты болсын! Алдағы ғұмырыңызда бақытты абыздықты бастан кешуіңізге тілектеспін!

Жақсылық Тасмамбетов
физика-математика
ғылымдарының докторы,
профессор.
Нұр-Сұлтан қаласы

Region

Арнайы беттер
Ырғыз ауданы

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН



Ырғыз-қала.
Т.Шевченко. 1848 жыл.



Нұрлан Қасымханұлы Қызбергенов
Ақтөбе облысы
Ырғыз ауданының әкімі

Нұрлан Қасымханұлы Қызбергенов 1968 жылы 18 мамырда Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз селосында дүниеге келген.

1989 жылы Целиноград қаласында Целиноград қаржы-экономикалық техникумын, 1995 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Экономист» мамандығы бойынша бітірген. 1986-1988 жылдары аралығында Кеңес армиясы қатарында болған.

Еңбек жолын 1989 жылы Ырғыз аудандық қаржы бөлімінің аға экономисі болып бастаған. 1990-2007 жылдары Ырғыз ауданы бойынша мемлекеттік салық инспекциясының аға инспекторы, бас инспекторы, бөлім бастығы, Мемлекеттік төлем орталығы Ырғыз аудандық бөлімшесінің бас маманы, бөлімше бастығы болып жұмыс істеген.

2007-2021 жылдары Ырғыз ауылдық округінің әкімі, Ырғыз ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған. 2021 жылдың қаңтар айынан бастап осы уақытқа дейін Ырғыз аудандық мәслихатының хатшысы қызметін атқарып келді.

2022 жылы 18 ақпанда ҚР Президенті әкімшілігінің және Ырғыз аудандық мәслихатының келісімімен Ырғыз ауданының әкімі лауазымына тағайындалды.

ЖЕТІ ЖҰРТ КӨШКЕН ЫРҒЫЗ Өңірі

Сарыарқаның батыс шалғайын қарпып жатқан байтақ өңірді ел Ырғыз жері дейді. Оңтүстігінде Қызылордамен, шығысында Жезқазғанмен, солтүстік-батысында Әйтеке би, оңтүстік-шығысында Шалқар аудандарымен шектесіп жатқан аймақ. Ауданның қазіргі жер көлемі 41,6 мың шаршы шақырым. Бұл кеңес кезінде бөлінген аумақ.

Алайда тарихшылардың айтуынша, ел ұғымында Ырғыз өзенінің қос өңірі бірдей бағзыда Ырғыз жері деп аталған. Мұндай шалқар кеңістіктің табиғи бітім-бедері бірдей: биік-биік шыңдар, шоқылар мен жоталар, бетегелі белдер, аумақты құмдар, сан-салаалы өзендер, қопалы көлдер — бәрі осы өлкенің он бойын өрнектеп жатыр.

Қазақ тарихында ерекше орны бар Ырғыз өлкесі халық аузында "Жеті жұрт көшкен жер" деп аталады. Бұл өңірді Алтын Орда ханы Тоқтамыс та, жер жаһанды тітіреткен Ақсақ Темір де қалың қолын ертіп басып өткен. Өмір Темір осы өңірде 100 мың әскермен аң аулап, қажыған ауыр қолын қызылға жарытқан.

Дала көкжалы, қазақтың соңғы ханы Кенесарының да Ырғыз жерінде ізі қалған. Ырғыз даласында бірнеше ұрыс жасаған. Соның ең ірісі — 1844 жылы 20 шілде күні түнде болған ұрыс. Кенесары әскері Ор бекінісінен қаруланып шыққан, полковник Ф.Дуниковский бастаған қарулы жасақ пен оның жақтасы Ахмет Жантөриннің әскерін талқандап, 44 сұлтанды өлтіреді.

Бұл өңір жайлы қазақ жеріне келген бейтаныс жолаушы, украин ақыны Тарас Шевченко 1848 жылы Ор бекінісінен Ырғыз жері арқылы Райым бекінісіне бара жатқан сапарында "...Осы алқаптың барлығы кварц жамылып жатыр. Осы өзендердің жағасынан алтын іздестіру нәліктен ешкімнің басына келмей-

ді екен? Мүмкін, қазақ даласында жаңа Сан-Франциско туған болар ма еді? Кім білген?" деп жазған екен. Жанқожа мен Есет батырдың жорығына ерген Шевченко "Ырғыз-қала" атты картина салған. Рычков, Добромислов, Бларамберг сынды орыс ғалымдары Ырғыз жерімен экспедиция жасаған.

Ал орыс геологтары К.Матвеев пен П.Василевский Ырғыз жерінде бес жыл зерттеу жүргізіп, 1912 жылы Шалқар теңізі аймағындағы өзеннің жер қабатынан индрикотерий (сүт қоректілердің дүние жүзінде ішінара кездесетін алыбы) сүйегін тапқан.

1736 жылы Әбілқайыр ханның арнайы шақыруымен Ырғыз даласына саяхатқа келген ағылшын суретшісі Джон Кэстль қазақтың киіз үйінде отырып Әбілқайыр хан мен оның баласы Ералы сұлтанның суретін салған.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі де Ырғыз елімен байланысты. Көрнекті ағартушы, қазақ жазба әдебиеті мен қазақ әліпбиінің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсарин 1887 жылы 15 қарашада Ырғыз ауданында қыздар училищесінің негізін қалаған болатын. Ыбыраймен бір көзқараста, ниеттес болған Шаһмұрат Құлыбеков 1864 жылы 25 қазанда Ырғызда тұңғыш бастауыш қазақ мектебін ұйымдастырды. Бұл білім ұясы Ақтөбе аймағындағы тұңғыш мектеп деуге болады. Бұл мектептерден өңірдің елге тұлға болған мықты азаматтары білім


алды. Олардың ішінде Ахмет және Мұхамедияр Тұңғашиндар Варшава университетін, қазақтың тұңғыш теміржолшыларының бірі болған Төлепберген Серғалиев Петербургтегі Александр атындағы теміржол инженерлері институтын бітіріп, мамандықтары бойынша білім алған.

Ал қазақтың тұңғыш дәрігерлерінің бірі Мұхаметжан Қарабаев байтақ даладағы алғашқы аурухананы Ырғызда ашып, осында он жылдан астам қызмет жасаған.

2020 жылы Ырғыз бекінісінің қаланғанына, Ырғыз жерінің бекітілгеніне 175 жыл толды. Сол жылы қазақтың біртуар ақыны Абай Құнанбайұлының да туғанына 175 жыл толуын тойлады. Қос мерейтойдың түп тамыры бір. Абайдың арғы атасы Ырғызбай осы Ырғыз өңірінде туған. Қазақ түсінігінде Ырғыз елі Сарыарқамен астасып жатқан алып аймақ.

Ырғыз топырағында Ұзақбай Құлымбетов, Темірбек Жүргенов, Телжан Шонанов, Тел Жаманмұрынов, Бәймен Алманов және басқа да республика көлемінде танымал болған мемлекет қайраткерлері дүниеге келген. Белгілі жазушы Өтебай Қанахин, сатирик Үмбетбай Уайдин, Социалистік еңбек ері Алтынбек Әкімжанов пен Өтеу Құдайбергенов, белгілі қайраткер Әліби Қойлыбаев, белгілі ғалымдар Өбдіқадыр Сәрсенов пен Мырзағали Төлегенов Ырғыз жерінде туған тұлғалар.

Қымбат Слямбеков
massaget.kz



БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

ЕЛЖАНДЫ ЕРНҰР

— Алдымен өзіңіз оқып жатқан мамандығыңыз туралы айтып беріңізші. Не себептен өмірлік кәсібіңіздің бағыты ретінде қарастырдыңыз? Перспективасы қандай?

— Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі көп. Әрине таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы — адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өзі ісіне сенімді, мамандығын дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Адам еңбегінен қуанышын таба білсе, бойына жаңа күш қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі. Зор ықылас, шабытпен істеген іс — табыс биігіне жеткізетін қанат.

Абай атамыз айтқан ғой: “Неге арналсаң, соны істе” деп, сондықтан адам өмірден орнын өз таңдауымен тапқан жөн. Адам өзінің болашақ кәсібіне әртүрлі жолдармен келеді.

Біреулер үшін — ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, біреулер үшін — жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң т.б.

Мен өзімді осылардың екіншісіне жатқызамын. Және де мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін танып, білуі қажет.

Ернұр Әлібекұлы Zhubanov University “Психология және білім беру менеджменті” мамандығының 2 курс студенті.

Пәндік, қоғамдық іс-шараларға белсене араласатын жарқын жас. Алдағы мақсаты айқын, туған жерін шексіз сүйетін, елжанды Ернұрдың келешегіне таудай талабы, айқын азаматтық көзқарасы сүйсіндірді.

Ол Ырғыз ауданының өкілі. Жалпы бұл ауданнан университетте 265 білім алушы оқып жатыр. Оның 261-і бакалаврлық, 4-уі магистратуралық білім алуда. Сұқбатты жазған Гүлнара Қараша.



Ал, мен таңдаған мамандық бүгінгі таңда ең танымал мамандықтардың бестігіне кіретін, кез-келген мекеме қажет ететін, нағыз осы 21 ғасырдың мамандығы саналады. “Психология және білім беру менеджменті” мамандығы. Бұл мамандықты таңдауымның себебі өзге мамандықтардан өзгеше және қоғамға қажет мамандық болғаны үшін, сонымен қатар адам, яғни тұлғаның шексіз тылсым дүниесін тану үшін, және сол тұлғаға көмек беруі үшін таңдап, болашақта өмірлік кәсібіме айналдырғым келеді.

Заманның шындығы — бір-біріне көңіл аударуға уақыт таппай жатқан адамдарды жиі кездестіріп жатамыз, әлемдік статистика суицидтің артқанын көрсетеді, бала тәрбиесіне қатысты қиыншылықтар көп, т.б. Ересек адамның жеке өзінде туындайтын, өзі шеше алмайтын, осыған ұқсас өзекті мәселелердің бәрінде психолог көмекке келе алады. Міне бұл саланың сыры осында. Сондықтан осы мамандықты игеріп қоғамда кез-келген адамға дұрыс бағыт-бағдар беріп, өзін тануға, табуға көмек бергім келеді.

— Ырысты Ырғыз елінен келіп оқып жатыр екенсіз. Өңіріміздегі ерекше өлке жайлы жалпы білемін. Өкінішке қарай, осы күнге дейін барып көрудің сәті түспепті. Туған жеріңіз туралы айтып беріңізші десем, әңгімені неден бастар едіңіз?

— Туған жерім киелі Ырғыздан 18 шақырым шалғайдағы Ақши ауылы. Кез-келген уақытта жаныңды саф ауасымен сергітіп, көңіліңді кең даласымен тербеп тұратын, алыстан келгенде үлкені үйіңе қам

дам басуға, кішісі қолыңды алып амандасуға асығатын, ешкім көліңді де, көріңді де сынамайтын, шөліне барып құмына аунайтын, көліне барып суына түсетін, бейқам жатқан құтты мекен.

Менің ауылымның Ақши атауының себебі мұнда тербелген ақ ши өседі. Сіз ши туралы білесіз бе? Айтып берейін.

Сабағы сымдай қатты, гүл шоғыры жіңішке, сыпырғы тәрізді. Масағы дара гүлді, үш аталығы мен қысқа ойысы түзу. Мамыр айынан бастап гүлдей бастайды. Далада және шөлде мекендейтін адамдардың өмірінде ақ шидің маңызы зор. Азық ретіндегі рөлі жыл мезгіліне қарай өзгеріп отырады. Көктемде масақтанғанға дейін мал сүйсініп жейді. Осы уақытқа дейін шөп ретінде даярлауға болады, құрамында сенімді заттар саны көп болса да, қосалқы азық ретінде ғана пайдаланылады. Қыстың кезінде бәрі қар астында қалғанда, шидің биік сабағы кез-келген жануарға азық, сондықтан ши құтқарушы азық болып есептеледі. Сондай-ақ бір жылдары үй жануарларынан аштықтан құтқарып қалған өсімдік. Жылына үш-төрт рет шабылып алынған және мал жайылған жерде дүркірей өсетіндігімен бағалы. Сабағы мен жапырағы жиназдарды қиыстыру мақсатында қолданылады, ертеде қатты түкті тамырларынан щетка, құрт жаятын шыпта жасаған. Осындай ерекше ауыл, маңайында толы өсетін аппақ шиге оралғандықтан ауылым Ақши атанған.

Ауылымның символы — төрт мезгілде де жасыл жапырағы өң бермейтін, алты адамның құшағы түбіріне кететін, “Терекбаз” атты үл-

кен қара, дара терек бар.

Ауылымның тағы бір ерекшелігі суы мол жер, бізден бастау алатын су ағыны Ырғыз халқын сумен қамтамасыз етіп отыр. Ауылда бөгенде қатты ағыстан бірнеше метр биіктікке атылып ағатын сарқырама су айбарыңды арттырады, сол жерді ауылдастарым фотосуретке түсетін тамаша локация ретінде пайдаланады.

Алыстан арнасын ауқымдап келген асау суды тосып, тақымдап жіберетін шлюздің бір қасиеті бар. Көрген адам көзін алмайтын, артық сөзін айта алмай, жүрегі аузына тығылып тамашалайтын ерекше көрініс. Асау судың өкпіні мен гүрілдеген текпіні төмендеп, азайған сәтте ауыл тұрғындарынан өзге, әр қаладан келіп, тосбай салып, қармақпен балық күтетіндердің қарасы көбейеді. Аз уақытта ырыс іздеп келген адамның қоржынын балық толы қаппен қайтаратын несібесі мол ауылым осындай. Шағын 100 шақты үй мекендеген Ақши ауылында осыншама керемет дүниелер бар екеніне, және осы қасиетті мекенде туғанымды мақтан етемін.

— **Білім беру саласының менеджментінде қазір қандай проблемалар бар деп ойлайсыз?**

— Егер білім алушы көзқарасымен айтатын болсам, қазіргі таңда білім беру саласын басқаруда басты проблема мамандардың басқарушылық құзіреттіліктерді, басқару стилін, технологияларын, конфликттік жағдаяттарды әділ шешуді әлі де болса жетік меңгермеуі деп ойлаймын. Осы аталған мәселелер менің мамандық таңдауымда “Психология және білім беру менеджменті” білім бағдарламасын таңдауыма себеп болды.

— **Оқуды аяқтағасын елге оралу ойыңызда бар ма?**

— Әрине, ия! Мендегі басты мақсат — осы. Академиялық оқымды тәмамдап, жұмыс жасап, әрі қарай тағы да дамытып, өзімді жетілдірсем деймін. Елге барып осы саладағы ұстаздар қауымын көбейту, жас ұрпақты адамгершілікке, мейірімділікке, елжандылыққа, жаңа Қазақстанның жаңа азаматтары болуға тәрбиелесем мен үшін үлкен жетістіктерімнің бірі болар еді. Сонымен қатар педагогиканың осы саласын одан әрі дамытуға үлесімді қоссам деймін.

— **Ең асқақ арманыңыз не, болашақ кәсібіңізге қатысты.**

— Ең бірінші жақсы білім алып, мамандығымды толық игеріп, сәтті тәмамдап, жұмыс жасап, әрі қарай тағы да дамытып, өзімді жетілдірсем деймін. Елге барып осы саладағы ұстаздар қауымын көбейту, жас ұрпақты адамгершілікке, мейірімділікке, елжандылыққа, жаңа Қазақстанның жаңа азаматтары болуға тәрбиелесем мен үшін үлкен жетістіктерімнің бірі болар еді. Сонымен қатар педагогиканың осы саласын одан әрі дамытуға үлесімді қоссам деймін.



Терекбаз терегі. Ақши ауылы.

Region

Арнайы беттер
Ырғыз ауданы

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН АУДАН

Ырғыз-Торғай резерватының құрылғанына биыл 15 жыл толады. Елімізде жойылып бара жатқан ақбөкенді күзету, қорғау және басын көбейту үшін құрылған мекеме бүгінде отандық және шетелдік зерттеушілердің назарын аударып отыр. Жер маржаны туралы — Ырғыз-Торғай табиғи резерватының құрылу тарихы, атқарып жатқан жұмыстары, бүгінгі тынысы жайында Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты РММ Ғылыми-ақпараттық және мониторинг бөлімінің басшысы Әсет Сәскебай әңгімелейді. Сұқбат алған Гүлнара Қараша.

Жер маржаны туралы

— Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының негізі 1986 жылы халықаралық маңызы бар республикалық дәрежедегі кіші қорық жасақталудан басталыпты. Өзіңіз айтып отырсыз, биыл бұл республикалық мемлекеттік мекеменің құрылғанына 15 жыл толады деп. Осы уақыт ішінде резерватта бір кездегі кіші қорықты қалпына келтіру мен ауқымын өсіру үшін қандай жұмыстар жүзеге асты? Ең маңыздыларына тоқталсаңыз.

— Дұрыс еске салдыңыз. Бұл сонау 1967 жылы Кеңес заманында құрылған мекеме. Ол кезде Ырғыз-Торғай кіші аң-құс қорығы деп аталған. 1976 жылы дүниежүзілік маңызы бар сулы-батпақты өлке ретінде Ырғыз-Торғай көлдері жүйесі Рамсар конвенциясы тізіміне енгізілген екен. Өйткені мұнда жылына 2-3 млн. құс Шығыс Сібірге, Батыс Еуропаға, оңтүстік өлкелерге, Иранға, Индия мен Пәкістанға осы өлке арқылы ұшып өтеді, уақытша аялдайды. Мекеме 1986 жылы Торғай мемлекеттік табиғи зоологиялық аумағы болып қайта ұйымдас-тырылды. Жер көлемі 348 мың га. болды. Зоологиялық аумақ бұл жерде мыңдаған құстар және сүт қоректілердің көптеген түрлері кездесетін болғасын, ерекше қорғауға алу мақсатында құрылған. Егер

әлемде 8600 құс болатын болса, соның 250 түрі осы аумақта кездеседі. 2007 жылы резерват құрылды. Ол Торғай зоологиялық аумағымен шектеседі. Резерваттың негізгі міндеті бетпақдала таралымындағы саны азайып бара жатқан ақбөкендерді қорғау, сонымен қатар дүниежүзілік орнитологиялық маңызы бар сулы-батпақты өлкенің дала экожүйесін, биологиялық алуантүрлілігін сақтау, қорғау, көбейту болып табылады.

— Ырғыз-Торғай табиғи резерваты қорғалатын табиғи аумақ көлемі жөнінен еліміздегі резерваттар арасында ғана емес, әлем бойынша да алдыңғы қатарда. Бұл мекемеде жұмыс жасау үшін кең тәжірибе керек сияқты меніңше. Кәсіби дағдысы жоғары болуы да қажет. Резерват қызметкерлері кімдер, жергілікті тұрғындардан құралған ба, әлде арнайы шақыртылған мамандар ма?

— Расын айтқанда жаңадан мекеме құру оңай шаруа емес. Мекеменің алғашқы директоры Сарсенбаев Нұрқасым ағамыздың еңбегі зор. Жалпы территорияның аумағын сызу, картаға түсіру, мамандармен қамту, т.б. шаруалары көп болған. Көдергілер де болған. Мұндай мекемеде жұмыс жасау үлкен біліктілікті, шыдамдылықты,



білімділікті талап етеді. Біздер кешенді мониторинг жүргіземіз, есеп жүргіземіз. Мұндағы қызметкерлердің бәрі аудан тұрғындары, еліміздегі түрлі жоғары оқу орнын бітірген мамандар. Ихтиолог, аң шаруашылығы маманы, биология, экология саласының, орман шаруашылығы саласының мамандары жұмыс жасайды.

Ырғыз-Торғай резерваты құрылғанға дейін негізінен Торғай зоологиялық аумағы штаттық кестемен, өзінің мемлекеттік инспекторларымен жұмыс жасап келді. Онда көп адам болған жоқ. Бекітілген инспекторлары болды. Олар тек қорғау, күзету жұмыстарымен ғана айналысты, яғни аң-құсты қорғап, соны бақылап отырды. Резерват

құрылғаннан кейін жалпы қорықтың жерін, жоғарыда көрсеттік қой, 348 мың гектардан 296 гектарға азайтып, қалған артық жері резерваттың аумағына қосылып кетті. Резерват құрылған кездегі жер көлемі 763 549 га. болатын. 2016 жылы 409 962 га. жер қосылды, ұлғайтылу болды, резерват аумағы қазір 1млн.173 511 га. жерді алып жатыр. Бұл өте үлкен аумақ. Қазақстан бойынша ең ірі ерекше қорғалатын аумақ десе болады. Қорықпен қосқанда жер көлемі 1 млн.469 511 га. құрайды. Швейцария сияқты бір мемлекеттің көлемімен бірдей деуге болады.

— Резерваттың жұмысына қажетті қандай қазіргі заманғы қондырғылармен жұмыс жасайсыз?



БАЙЛАНЫСЫ: ОРТАҚ МАҚСАТ

дар, мекеме алып жатқан аймақ өте үлкен, оны бақылап отырудың өзі де оңай емес.

Резерваттың жұмысына қажетті далалық іс сапарға шыққанда мониторинг жүргізу үшін қолымызда GPS құралы болады, ол белгілі бір түрдің координатасын анықтау үшін, Smartмобильді қондырғыны қолға ұстап жүреміз, оған барлық деректер салынған. Қашықтықтағы аң не құсты бақылау үшін көпсалалы дүрбі пайдаланамыз. Осындай қазіргі заманғы құрылғылармен жұмыс жасаймыз. Әрине, сонымен қатар бейне және фотокамералармен қамтамасыз етілгенбіз. Ал мекеме ғимаратындағы лабораторияның өз жабдықтары болады, таразы, микроскоп сияқты.

— Жер бетінде жойылып кету қаупі бар жануардың бірі — ақбөкендердің мекендеу ортасы мен миграциялық жолы Ырғыз-Торғай резерваты аумағы. Соңғы жылдары киік санының өсуіне резерваттағы нәтижелі жұмыстың әсері болды деген деректер келтіріледі. Қалай қол жетті, айтып берсеңіз.

— Ақ бөкендерді қорғау, күзету, оның санын көбейту резерваттың 15 жыл бойы атқарып келе жатқан жұмысының сипаттамасы. Қазақстанда киік саны бүгінде миллионға жетті. Ал резерват бойынша ол алғаш құрылғанда 7 мың киік болса, соңғы есеп бойынша 110 мың басқа жетті. Бұл жақсы нәтиже. 2015 жылы белгісіз дерттен киіктердің жаппай қырылғаны есіңізде болар. Сол кезде біз де зардап шектік. 6900 басқа азайып қалдық.

— Ғылыми жұмыстар резерват қызметінің басты бір арнасы. Арнайы ғылыми-ақпараттық және мониторинг бөлімі бар екен. Өзіңіз жетекшілік етесіз. Қандай ғылыми мекемелермен, ғалымдармен бірлесе еңбектеніп жатырсыздар? Далалық ғылыми жұмыстардың өз ерекшелігі бар, қиындығы, қызығы. Осы туралы да айтып берсеңіз.

— Резерваттағы ғылыми зерттеу жұмыстары отандық, шетелдік ғалымдармен бірлесе жүргізіледі. Резерват аумағында құпиясы ашылмаған аң-құстардың, өсімдіктердің түрі көп. Жалпы зерттеуге қызығатын маманға есігіміз ашық. Тұрақты түрде жұмыс жасайтын Қазақстан биоаулантүрлілікті сақтау ассоциациясы(ҚБСА). Жұмыстың бағыты ақбөкенге байланысты. Авиасанақ жүргізу, төлдеу кезіндегі бақылау жұмыстарымен шұғылданады, шетелдік мамандарды алып келеді.

2016 жылдан бері неміс маманы Штеффен Цутер келіп жұмыс жасап жүр. Және Ұлыбритания корольдігінің ветеринария колледжінің профессоры Ричард Кок жыл сайын келеді.



Еліміздің жоғары оқу орындарының көбімен байланыстамыз. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университет, Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты.т.б.

Өзім Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің "Биология" мамандығын бітірдім.

Ырғыз-Торғай резерватында біздің бөлімінен басқа табиғи кешенді қорғау бөлімі, экологиялық ағарту және туризм бөлімі, сонымен қатар, өсімдіктермен жануарларды қалпына келтіру бөлімі бар.

Біздің бөлімнің негізгі жұмысы далалық сапарда тек қана ақбөкендермен емес, осы қорғау территориясындағы қандай да бір жан-жануар болсын, құс, өзен-көлдер, балық, өсімдік, барлығына кешенді зерттеу жұмыстарын жасаймыз. Далалық іс-сапарда түрлі қиыншылықтар кездеседі. Ақ бөкендерге жыл сайын сәуір айында авиасанақ өтеді, мамыр айында төлдеу орындарында мониторинг жұмыстары жүргізіледі. Күзде киіктердің күзгі шоғырлануына байланысты есеп жүреді. Желтоқсан айында киіктердің күйікке түсу маусымында, текелер санын анықтау бойынша есеп жүргізіледі. Көбіне қиыншылық ауа-райына байланысты туындайды, далалықта қатты жаңбыр жауып, балшыққа батып, бір-екі күн жатқан кездеріміз болды.

— Ғылыми байланыс орнатылған жоғары оқу орны қатарында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетін де

атап кеттіңіз. Қандай жобалар жүзеге асып жатыр?

— Бұл өңірдегі ең ірі ЖОО. Өзімнің академиялық білім алған қадірлі ордам. Университеттің жаратылыстану факультетінің "Биология" кафедрасымен жақсы байланыстамыз. Көбіне өсімдік саласына қатысты. Сонымен қатар факультет деканы Мұрат Махамбетовтің жетекшілігімен "Ақтөбе — ақбөкендер мекені" жобасы екінші жыл жалғасып жатыр. Бұл жоба үлкен жұмысты қажет ететін



жоба. Сондықтан нәтижесі алда. Университеттен студенттер келіп практикadan өтеді. Болашақ биолог және эколог мамандар. Сондай-ақ университетте «Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының кабинеті болса, резерватта университет ғалымдарының кабинеті болса тәжірибе алмасу, бірге зерттеу жұмыстары жаңа деңгейге көтерілер еді деп ойлаймын.

— Ұшы-қиыры жоқ кең даланың адам аяғы баспаған жеріне тұңғыш табан қою бақыты бұйырған жанның бірі екенсіз. Бақыт қой. Сондай сәттерде қандай сезімде боласыз? Мысалы, зерттеу жұмыстары уақытында бұрын-соңды көрмеген, білмеген өсімдікті, құсты не жануарды көргенде де.

— Бұл қызметке кіріскеніме 5 жылға жуықтапты. Негізгі міндетім — ақбөкендерді бақылау. Сұлу жануар, талай ақынның өлеңіне тақырып болған. Жұмыстарымыздың әр кезеңі мен үшін ерекше әсерге толы. Әсіресе құстардың түр-түрін қызықтау қызық. Бізде 250-ге жуық құс түрі бар. Қоқиғазды бірінші рет көріп, фотоға түсірдім. Одан басқа қаз-үйректің неше түрі кездеседі, сүңгір, шүрегей, толып жатыр. Жыртқыш құстардың аң аулағанын бақылау қызық. Бүркіт, дала қыраны, қара құс. Өсімдіктің түр-түрін қолмен ұстау керемет. Бұрын соңды көрмегенін зерттеу жұмысы да елітіп өкетеді. Ақпарат іздейміз, ғалымдармен байланысамыз. Резерват аумағында кездесетін аң-құстың, өсімдіктің түрін анықтау әлі толық аяқталмаған. Сол ауқымды жұмысты тиянақты қолға алу керек. Мысалы, өсімдіктен қызғалдақты алсам, резерват аумағында оның Қазақстанның Қызыл кітабына енген 4 түрі өседі. Леман, қос гүлді, Биберштейн және жатаған қызғалдағы. Тағы бір түрін көріп қалдық. Бірақ оны зерттеп, анықтау керек. Ақтөбе өңіріндегі қызғалдақтар толық зерттеуді қажет етеді. Қанша түрі бар, қай жерлерде өседі деген қарапайым сұрақтар әзірге жауапсыз. Нақты жауап жоқ. Осы да мені қызықтырады. Зерт-

теушілер табылса, бірлесіп жұмыс жасауға дайынбыз.

Енді жұмысымының романтикалық тұсын айтсам, әрине қиырына көз жетпес далалықта жұмыс істеп, адам аяғы баспаған жерде жүру ғанибет көңіл-күй береді. Табиғат ғажаптары көп. Теңіздің орнын дәлелдейтін қабыршақтар, шашылып жатқан тастар, сор бөрі қызық.

Фотоларды ұсынған
Ырғыз-Торғай табиғи резерваты

✓ Month of science

12 сәуірде Қазақстанда Ғылым қызметкерлері күні аталып өтті. Ғалымдарды кәсіби мерекесімен құттықтаған ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов оларға күнделікті еңбектері мен зерттеу салаларын кеңейтіп жатқандары үшін алғысын білдірді.

“Ғалымдарымыздың зерттеулері, жаңалықтары мен жаңа ғылыми білімдері еліміздің дамуына ерекше үлес қосып жатқаны сөзсіз.

Бүгінгі таңда ел ғалымдарының ғылыми жетістіктері тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге шетелде де мойындалып жатыр. Президенттің ғылым саласына ерекше көңіл бөліп, қолдау көрсетуінің арқасында соңғы жылдары отандық ғылымды дамытудағы көптеген өзекті мәселе шешімін тауып, ғалымдарымызға қажетті жағдай жасауға мүмкіндік туды.

Министрлік ғалымдардың белдегі болуы, ғылыми идеялардың тұрақтылығы мен іске асырылуына көпшілік беруі үшін жүйелі жұмысты жалғастырады”, — деді министр.

Мереке күні Асхат Аймағамбетовті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдады.

Президентке Жолдауда берілген тапсырмалардың орындалу барысы мен министрліктің білім және ғылым жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа бастамалары туралы ақпарат берілді.

“Мемлекет басшысы ғылым саласының дамуына ерекше назар аударатынын Жолдауларда берген тапсырмаларынан байқауға болады. Сол себепті «Ғылым туралы» заңға өзгерістер енгізу жұмыстары туралы да арнайы баяндап бердім.

Президенттің осы бастамасының арқасында енді тарих, қазақ тілі, философия, археология, математика, шығыстану және басқа да пәндер салаларында ғылыми зерттеулермен айналысатын 4 мыңнан астам ғалым тұрақты жалақы алады. Сонымен қатар ғылыми жобаларды қаржыландыру мерзімі бұрынғы 3 жылдан 5 жылға дейін ұзартылды. Жас ғалымдарды қолдауға постдокторантура үшін 1 000 грант бөлінді. Одан бөлек, жас ғалымдарды қолдауға арналған арнайы конкурстар іске қосылды, олардың шеңберінде қазірдің өзінде 2 мыңнан астам жас ғалым 17 млрд теңгеге грант алды. Бұған қоса, ғалымдардың әлеуетін арттыру шаралары қолға алынды. Жыл сайын 500 отандық маман республикалық бюджет есебінен әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтеді” деген Асхат Аймағамбетовтің ғылым саласына байланысты есебін тыңдағаннан кейін Президент Қ.К.Тоқаев ЖОО-ларды лицензиялау ережелерін жетілдіруді және іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын институттарды қолдауды тапсырды.

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов еліміздің бірқатар ЖОО басшылары мен ғалымдарын кәсіби мерекемен арнайы құттықтады. Солардың қатарында Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова мен Ғылым және инновация жөніндегі проректор Рахым Бекназаровқа жолдаған құт-



Сәуір — ҒЫЛЫМ АЙЫ

тықтауда министрлік үшін тәжірибе, ұсыныстар мен идеялардың өте маңызды екені, ғылымға деген қызыметі және оның дамуына қосқан баға жетпес үлесін ерекше бағалайтыны айтылыпты. Құттықтауда сондай-ақ Қазақстан ғылымының даму жайы мен бүгінгі көрсеткіштері де баяндалған. “Ғылым — мемлекет дамуының маңызды шарттарының бірі, прогрестің қозғаушы күші. Отандық ғылымды дамыту мәселесі мемлекеттің басты назарында. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында ғылымды дамыту бойынша маңызды тапсырмалар берді. Тапсырмаларды орындау мақсатында ғылымды дамыту жөніндегі Ұлттық жоба қабылданып, “Ғылым туралы” заңнамаға өзгерістер енгізілді.

“Халық үніне құлақ асатын мемлекет” тұжырымдамасы аясында бұл жұмыстардың барлығы ғылыми қауымдастықпен тығыз байланыста жүргізіліп келеді. Соңғы екі жылда ғылымды қаржыландыру екі есеге артты.

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру ұзақтығы бес жылға дейін ұлғайтылды. Базалық қаржыландыруда ғалымдардың жалақысы қосылды. Іргелі зерттеулермен айналысатын институттарды конкурстан тыс, тікелей қаржыландыру енгізілді. Нәтижесінде 4 мыңға жуық ғалым кепілдендірілген жалақы алып, конкурста тәуелді болмай-ақ өз идеяларын жүзеге асыратын болады.

Ғылыми институттарды материалдық-техникалық жаңартуға да қаржы бөлініп, жаңа зертханалар ашылды, олар жабдықтармен қамтамасыз етіліп, 800-ден астам заманауи құралдар сатып алынды.

“Болашақ” бағдарламасының шарттарымен 500 ғалымды тағылымдамадан өткізу бойынша бұрын-соңды болмаған жаңа бағдарламамен осы жылдың өзінде әлемнің 24 елінің 109 жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан

өтуге мүмкіндік берді” делінген құттықтау хат мазмұнында.

Қазақстанның батыс өңіріндегі іргелі Zhubanov University сәуір айын түгел ғылымға бағыштады.

Ғылым айының ресми ашылуы шарасын ашқан ректор Лаура Қарабасова “Зерттеумен кез келген адам айналысады. Үй сатып алу үшін де, баламызды мектепке беру үшін де, тағы да басқа сұрақтар бойынша күнделікті зерттеу жүргізіп, ақпаратты салыстырып, әртүрлі көздерден мәліметтер жинаймыз. Өйткені нақты объективті картинаны шығаруымыз керек. Алайда әрқайсымыз зерттеуші болғанымызбен, кез келген адам ғалым емес. Ғылымды саналы түрде санаулы ғана адамдар тандайды. Себебі ол үлкен төзімділікті қажет етеді.

Біздің елімізде ғалымдар түрлі қиын кезеңдерден өтті. Қазіргі таңдағы біздің университетте жұмыс жасап жатқан оқытушы-ғалымдар шынымен де ғылымға деген сүйіспеншілігін жоғалтпаған жандар. Осы ғалымдарымыздың еңбегінің арқасында Zhubanov University оқу мен ғылымды қатар ұштастырып келе жатыр», — деді.

Бүгінде Zhubanov University ғалымдарының зерттеулерінің негізі математика, физика, филология, лингвистика, тарих, экология және педагогика сияқты бағыттарында жүргізілуде.

Ғылыми әзірлемелер Қытай, Беларусь, Польша, Түркия, Эстония, Ресей, Германия, Канада, АҚШ, Үндістан және Жапонияның жетекші оқу орындарының ғалымдарымен ынтымақтастықта жүзеге асуда. Университет ғалымдарының дифференциалдық теңдеулер, Хаос теориясы, жасанды және табиғи кристалдардың қасиеттері, эпоксидті композиттік материалдар, Батыс Қазақстан тарихы және ономастикалық лексиканың этномәдени ерекшеліктері бойынша зерттеулері шетелде де белгілі.

Ғылым айлығы аясында жергілікті “AQTOBE” телеарнасының “Сыр-сұқбат” бағдарламасына шақырыл-

ған ректор Лаура Қарабасова журналист-жүргізуші Бибігүл Биманованың сұрақтарына жауап беру сәтінде жоғары оқу орнына келген жаңа басшы ретінде алғаш рет кең ауқымда білім, ғылым саласына қатысты ойларын айтып, көпшілік көрерменмен алдағы мақсат-міндеттерімен де бөлісті.

“Университет ғылымында қазір екі түрлі бағыт бар. Өрине, біз әлемдік, жаһандық үрдістерден қалғымыз келмейді, жаһандық үрдістерде қандай мәселе тұр, соны зерттеуге тырысамыз, бірақ одан бөлек, ең басты миссиясыз — Ақтөбе өңірінде қордаланып қалған мәселелерді зерттеу.

Бірнеше ғана мысал келтірейік, қазіргі таңда бізде жүріп жатқан үлкен жобалар бар, соның бірі Ақтөбе ферро қорытпа зауытымен бірлескен жоба. Біз зауытқа арнайы маман даярлаймыз. Зауытта феррохром өндіруден қалған шаң тозаң болады, сол шаңды үнемі келіп тұратын тоқты пеште қыздыру арқылы тағы да қосымша көмірсутегі көп феррохром алуға болады. Яғни қалдықты пайдалы өнімге айналдыру процесі арқылы.

Одан бөлек ферроқорытпа зауытында шламдар да қалады, сол шламды жол салуға, Ақтөбе өңірінде жол салу мәселесі өте өзекті, өйткені климаттық жағдай бар, ал жол салуда жаңағы шламдарды қолданатын болсақ, асфальтты-бетонды жабынды сапасын көтеру мәселесі шешілер еді. Бұл техника ғылымдарының кандидаты Өтеген Сариев деген ғалымның айналысып отырған жобасы. Одан бөлек Қ.Сатпаев атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Қуанышбек Шүңкеевтің үлкен ғылыми радиациялық физика мектебі бар. Арнайы лаборатория жұмыс істейді. Профессор Шүңкеевтің шәкірттерімен бірге табиғи диатомитті экологиялық мәселені шешуге пайдалануға ұсынып отырған ғылыми жобасы өте құнды. Ақтөбеде спирт өндірісінен жиналған бірнеше тонна барда қалдығының иісінің зардабын

ақтөбеліктер тартып келеді. Ал табиғи диатомит спирт өнімі қалдығының иісін сорып алып, ауаға таратпайды екен. Бұл жоба жүзеге асса қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қосылған мол үлес болады. Сонымен қатар химия ғылымдарының кандидаты Лаззат Тастанова деген ғалым хромның ауаға бөлінісін анықтайтын қондырғы орнату арқылы Назарбаев университеті ғалымдарымен бірге атмосфералық ауаға мониторинг жасап отыр. Бұл да осы бағыттағы мәселені шешуге себеп болатын қажет жоба. Бұлар университетте жасалып отырған көптеген пайдалы жобаның бір ғана бөлігі. Мен әлеуметтік-гуманитарлық саланы айтпай отырмын. Ақтөбе өңіріндегі жалпы кез келген әдебиеттану болсын, тіл білімі саласы болсын, тарих саласы болсын, әлеуметтану саласы болсын, барлық іргелі зерттеулерді жүргізіп отырған әрине Zhupanov University ғалымдары», — деді Лаура Қарабасова.

Сондай-ақ ректор шешілуі тиіс коммерциализация проблемасына тоқталып, бұл жөнінде қандай қадамдар жасалып жатқанын айтты. «Жалпы коммерциализация мәселесі яғни ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін, дайын шешімдерді, дайын өнімдерді, дайын техникалық бір шешімдерді өндіріске, экономикаға, жалпы өңірдің басқа да қажеттілігіне ұсыну, кәсіпкерлердің қызығушылығын ояту, инвестиция тарту ғылымның функцияларының бірі. Бірақ мен бір нәрсені айтқым келеді. Әлемнің жетекші мықты университеттерінде бұл жолға қойылған. Қазіргі уақытта жалпы университеттің 4 моделі бар. Төртінші моделі туралы айтса, білім береді, міндетті түрде ғылыммен айналысады, сонымен қатар нақты дайын шешімдердің пакетін ұсына алады. Яғни міндетті түрде коммерциализациялайды және кез келген мәселені ұсынғанда қоғамның толыққанды ғылыми институты, былайша айтқанда толыққанды мүшесі ретінде ЖОО-лар барлық нақты технологиялық үздік шешімдерді өңірге, қоғамға, елге ұсынып оты-

рады. Біздің еліміздің де университеттерінің ұмтылып отырған моделі осы. Әлі күнге дейін біз екінші модельдің деңгейіндеміз. Әрине сабақ береміз, оқытамыз, аздап ғылыммен айналысамыз, бірақ әрі қарай бұл модельді жетілдіру керек. Біздің университетте коммерциализацияға арналған арнайы офис құрып отырмыз. Онда заңгерлер отыр. Ақтөбе облыстық әділет департаментімен бірігіп, арнайы бір бөлік аштық. Тек қана біздің университет үшін емес, жалпы Ақтөбе өңірі үшін ғылымды қалай қолдау керек, заңдылық жағынан оны қалай рәсімдеу керек, ғылымның нәтижелерін заңды жолмен қалай сату керек деген сұрақтарына ғалымдар жауап табады. Ғалым өзінің функциясын атқарады, бірақ оған қосымша көмек керек, қосымша көмек тек қана оның ақысын адал төлеу ғана емес, сонымен қатар оған басқаша жол көрсету, ғалымды бизнес өкілдерімен, қоғам өкілдерімен байланыстыру, таныстыру арқылы оны сенімді, сәтті түрде оның өнімдерін көрсету арқылы біз ғалымның ісінің тартымдылығын арттыра аламыз» деп өңгімесін жалғастырды Л.Қарабасова.

Университетте «Қолданбалы математика және информатика», «Материалдардың радиациялық физикасы», «Әлеуметтік зерттеулер», «Археология, тарих және этнография», «Жұбановтану», «Абайтану және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталықтары белсенді жұмыс істейді.

ЖОО-да 3 мамандық бойынша диссертациялық кеңес ашылған. Жас ғалымдар Ғылыми кеңесі бар.

Zhupanov University жақында ғана ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен республика бойынша таңдалған 10 ЖОО қатарында болып, республикадағы ең мықты ғылыми зерттеу институттары: Математикалық модельдеу институты, Металлургия институты, Тарих және этнология институты, Тіл білімі институтымен меморандумға қол қойды. Мақсат аталған ғылыми мекемелердің ұлттық деңгейдегі ғалымдарын жергілікті ғалымдармен жақындату, бірлескен ғылыми жобамен жұмыс істеу, жас

ғалымдарға бағыт-бағдар алу мүмкіндігін жасау.

Желтоқсан айында Ақтөбедегі ірі кәсіпорын басшыларымен биресми кездесу ұйымдастырылып, онда ғылымға қамқорлық, оған қаражат құю сұрақтары қаралып, жергілікті кадр дайындау мәселелері бойынша кеңесу өтті.

Бір нәтижесі «Қазхром» АҚ 20 млн-нан астам қаржы бөліп, арнайы оқу лабораторияларын жабдықтайтын болды.

«Біз сапалы білім беруге мүдделіміз. Ол үшін сапалы кадр ке-

жатқан жас ғалымдарды университетке қызмет етуге шақырамыз. Сәйкесті жағдайлар жасаймыз. Бір мезеттік көтерме ақысынан тыс, тұрғын үй жалдауға үстеме ақы қосылады. Жалақыға қосылатын үстеме ақы да қарастырылған. Алайда кез келген кездейсоқ адам емес, ғылым саласында нәтижесі бар, университеттің ғылыми өміріне айырықша серпін бере алатын жастарды қабылдаймыз» — дейді ректор.

Осылайша ғылыми қызметпен айналысу үшін университетте бар-



рек. Осы оқу жылы басынан профессор-оқытушы құрамының жалақысы 35-42% көтерілді. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін түрлі тағылымдамалардан өткізу, гранттық қаржыландыруды арттырумен қатар тұрақты түрде алатын лайықты жалақысының болуы маңызды. Бұл әлі де болса жұмыс істеуді жақсартуды қажет ететін бағыт болып саналады.

Министрлік жыл сайын бірнеше гранттық конкурстар жариялайды. Сол кезде біз ғалымдарға ақпарат таратып қана қоймай, оларды қолдау, ұйымдастыру, құжаттама толтыруға жәрдемдесу жұмыстарын жасаймыз. Тіпті көрсетілетін қаржының негізді-негізсіздігіне дейін сараптама жасап, бағыт береміз. Тағы бір үлкен бастамамыз жас ғалымдарды өңірге тарту. Бұл әлеуметтік жоба. Шетелде білім алып

лық жағдай жасалған.

Университет сонымен қатар өңірдегі мектеп оқушыларының ғылымға қызығушылығын бала жасынан арттыру үшін экскурсиялар, кездесулер, практикалық конференциялар өткізуді жүйелі қолға алмақ мақсатта. Сәуірдің 4-29 аралығында өткен ғылым айында 60-қа жуық халықаралық, республикалық, облыстық сипаттағы шара өткізілді. Ғылым айын қорытындылаған ректор Лаура Қарабасова «Биылғы жылдың ерекшелігі ғылыми шараларға халықаралық деңгейдегі ғалымдарды қостық. Әрине, ғылымға тек бір апта немесе бір ай бойы ден қою жеткіліксіз. Дегенмен біз бір ай бойы ғылымға назар аударту арқылы алдағы уақыттағы шараларды айшықтап отырмыз», — деді.

Қорытынды шарада ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысып жүрген озаттар марапатталды.

«Физика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Шынар Сағымбаева «Үздік ғалым», «Металлургия және тау-кен ісі» кафедрасының оқытушысы, Ph.D Даурен Есенғалиев «Үздік жас ғалым», «Физика» мамандығының 3-курс докторанты Аида Маратова «Үздік Ph.D докторант», «География» мамандығының 2-курс магистранты Алтынбек Хамит «Үздік магистрант», «Математикалық және компьютерлік модельдеу» мамандығының 4-курс студенті Еркебұлан Ақтөре «Үздік студент» атанды. Сондай-ақ, «Үздік факультет» номинациясын физика-математика факультеті, «Үздік кафедра» номинациясын «Физика» кафедрасы жеңіп алды.

Ғылым айына шолу жасаған
Гүлнара Қараша



✓ National sport



ҮЗДІК ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚШЫ

Бүгінде тоғызқұмалақ ойыны елімізде спорт түрі болып қабылданған. Ақыл-ой дамытуға арналған бұл ойын егемендік алған жылдардан соң жаңаша жанданды, қазір республикада оның жеке қауымдастығы бар, облыс орталықтарында қауымдастықтың бөлімшелері жұмыс істейді. Тоғызқұмалақ ойының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген азаматтардың қатарында Қазақстандағы Тоғызқұмалақ спорты федерациясының президенті Әлихан Байменовті, вице-президенті Сардар Шәріповті, «Таңғажайып тоғызқұмалақ» кітабының авторы, тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы Мақсат Шотаевты атап кетуге болады.

Тоғызқұмалақтан әлемдік деңгейдегі жарыстар жыл сайын өткізіледі. Атап өтсек, әлем чемпионаты, Азия чемпионаты, Еуропа чемпионаты, Азия және әлем кубогы. Сонымен бірге жыл сайын оннан астам халықаралық турнирлер өтеді. Тоғызқұмалақ ойындарына арналған шаралар көбіне Франция, Англия, Чехия, Ресей, Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Түркия елдерінде ұйымдастырылады.

Ақтөбеде тоғызқұмалақ ойыны жүйелі дамып келеді. Ақтөбе облысының тоғызқұмалақ қауымдастығының президенті, Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова жаңадан тағайындалған бойы тоғызқұмалақты одан әрі насихаттауға үлкен мән беріп келеді. Университетті еліміздің батыс өңіріндегі тоғызқұмалақ ойынының өркендеу орталығы деп атауға болады. Мұнда ашық турнирлер өтеді, тоғызқұмалақ ойынына арналған арнайы кабинет жасақталған.

2021 жыл қорытындысы бойынша Ақтөбе облысы «Ең үздік жергілікті федерация» номинациясымен марапатталды. Лаура Қарабасова вице-президенті Жанар Сағызбаевамен бірге марапатты күні ұлттық зияткерлік ойынды жастар арасында кеңінен таныту бағытында жоспар құрып, қатысты мәселелерді талқылады.

Тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты 2010 жылдан бастап өтіп келеді. Осы дода бұл спорт түрінен ең мықтыларды анықтауға мүмкіндік береді. Қазір елімізде ең үздік тоғызқұмалақшылар қатарында 7 дүркін әлем чемпионы Әсел Далиеваны, 4 дүркін әлем чемпионы Ғалымжан Темірбайды, 3 дүркін әлем чемпионы Хакімжан Елеусиновті, әлем чемпиондары Серік Ақтаевты, Диана Кенина, Салтанат Сапарбекованы айтуға болады. Бұлардың қатарына жақын уақытта Zhubanov University Кәсіби-шығармашылық факультеті «Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі» кафедрасының оқытушысы, «Дене шынықтыру және спорт» білім бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, тоғызқұмалақтан 2 дүркін Азия чемпионы, 2 дүркін Еуропа чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2021 жыл қорытындысы бойынша тоғызқұмалақтан ерлер арасындағы «Ең үздік ойыншы» номинациясының иегері Азамат Қайдаровтың қосылуы ғажап емес. Нәтижелі көрсеткіштерімен жиі танылып жүрген тоғызқұмалақшымен әңгімелесудің сәті түскеніне қуаныштымыз. Сұқбатты жүргізуші Гүлнара Қараша.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ — ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛІ ОЙЫНДАРЫНЫҢ БІРІ. ШЫҒУ ТАРИХЫ 4 МЫҢ ЖЫЛДЫҚ КЕЗЕҢДІ ҚАМТИДЫ. ӨТКЕН ҒАСЫРЛАРДА БҰЛ ОЙЫН ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА КЕҢ ТАРАҒАН. ӨСІРЕСЕ ҚАРАПАЙЫМ ҚОЙШЫЛАР АРАСЫНДА.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ КҮН ҰЗАҚ ҚОЙ СОҢЫНДА ЖҮРГЕН ОЛАР ҮШІН КЕРЕМЕТ ЕРМЕК БОЛҒАН ДЕГЕН ДЕРЕКТЕР КЕЗДЕСЕДІ.

ҚОЙШЫЛАР ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ТАҚТАСЫ РЕТІНДЕ ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНҒАН, ШҰҢҚЫРЛАР ҚАЗЫП, ҚОЙДЫҢ ҚҰМАЛАҒЫН КЕПТІРІП, ОЙЫНҒА 162-СІН ҚОЛДАНҒАН.

— Тоғызқұмалақ ойыны елімізде тәуелсіздік алған жылдан бері дами бастады. Меніңше жүйелі түрде, бір қалыпта. Алайда жаппай қызығушылық бар деп айтуға келмес. Сіз тоғызқұмалаққа қалай қызықтыңыз?

— Дұрыс, тоғызқұмалақ ел егемендігін алған соң, ұмытылып бара жатып, қайта жанданған ұлттық ойын. Қазір әлемдегі 30-дан астам мемлекет осы біздің тоғызқұмалаққа қызығып, спортшыларын дайындаған. 2020 жылы тоғызқұмалақ ойыны ЮНЕСКО мұрасы ретінде қабылданды, бұл дәреже еліміздің барлық мектептерінде тоғызқұмалақ ойынының пән ретінде енуіне септігін тигізді. Мен тоғызқұмалақ ойынына бала кезден қызықтым. Ол кезде Ақтөбе қаласындағы №24 лингвистикалық мектеп-гимназиясында 4-сыныпта оқитын едім. Аптасына бір рет тоғызқұмалақ ойыны пән болып оқытылды. Пәнге қызығушылығым кейінгі тағдырыма оң әсер етті. Оқушы кезімнен тоғызқұмалақтан алдымен сыныпаралық, кейін мектепаралық, одан соң облыстық жарыстарда қарсыластарымды жеңіп, спорттық жолымды бастадым.

— Тоғызқұмалақ ойыны, өзіңіз де айтып отырсыз, спорт түрі. Оған да бейімділік керек болар? Әйтпесе пән оқытылған сыныптан неге сіз ғана алға суырылып шықтыңыз. Әлде көңіл қойса әр адамның қолынан келетін іс пе?

— Жалпы әр адам бұл ойынды ойнағысы келіп, қызығушылық танытса, тоғызқұмалақтың жалпы ережесін түсіндіріп, үйретуге болады. Алайда адам бұл спорт түрінен жақсы нәтижеге қол жеткізгісі келсе, онда көп еңбектенуді және ізденісті талап етеді.

— Сіз түрлі жарыстарда жеңісті қолдан бермей келе-

сіз. Құпиясы неде? Шеберлікте, еңбекқорлықта?

— Кез келген спортта чемпиондықты жеңіп алғаннан кейін, сол чемпиондықты ұстап тұру өте қиын. Әрдайым жоғары нәтиже көрсетіп, биіктен көріну үшін көп дайындық қажет. Өйткені чемпион атануды барлық спортшы көздейді, армандайды. Ал сол чемпиондық сенде болып, оны ұстап қалу үшін басқа спортшылардан екі есе артық дайындалу керек деп білемін. Жеңістерімнің құпиясы осы.

— Тоғызқұмалаққа маманданған студент университет бітіргенде жұмыс таба ала ма? Әлде тоғызқұмалақ ойыны қосымша мамандануға жата ма? Біліктілік ретінде.

— Жалпы интеллектуалды спорт түрімен, оның ішінде тоғызқұмалақпен айналысатын студенттер оқуда да озат, өмірде де бірнеше қадам алда. Жетістіктерімен, ойлау қабілетінің жинақылығымен. Тоғызқұмалақ тек қана математикалық қабілетті шынықтырмайды, ол сабырлылық, ақылдылық қасиеттерін қалыптастырады. Жалпы адамның жақсы қырларының басым болуына әсер етеді. Сондықтан тоғызқұмалақпен айналысқан студент әрі қарай тоғызқұмалақшы болып кетпесе де жақсы маман болып шығады. Ал жақсы маманға сұраныс мол.

— Қайта жандана бастағанына ұзақ болмаған тоғызқұмалақтың болашағы қандай деп ойлайсыз?

— Бүгінге дейін тоғызқұмалақтан 5 әлем чемпионаты, 5 Азия чемпионаты және 5 Еуропа чемпионаты өтті, бұл осы спорттың әлемдік деңгейде дамып жатқандығына бірден-бір дәлел болып отыр. Жоғарыда айтып өткенімдей бұл спорт түрі ЮНЕСКО-ның мәдени мұралары тізіміне енді, сондықтан бұл спорт түрінің болашағы жарқын екендігін білдіреді.

☑ Main news

СТУДЕНТТЕР ҚҰРАМЫНЫҢ 45,5%-Ы БОЛАШАҚ ҰСТАЗДАР

Zhubanov University студенттері құрамының 45,5%-ы болашақ ұстаздар. Бұл туралы ректор Лаура Қарабасова мәлімдеді. «Сондықтан облыстағы мектепке дейінгі, бастауыш және орта білім беру сапасына біздің университет де жауапты. Бүгін біздің ұжым Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы Батырхан Жолдас Нұрланұлымен кездесті. Брейнсторминг форматын таңдай отырып, біз ресми кездесулердегі формалды тәсілдерден алшақтап, аймақтағы мұғалімдер білімін жаңғырту мен трансформациялау идеяларын қалыптастырдық.

Мұғалімдерді оқыту бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру, кадрлардың жетіспеушілігі, практиктерді ЖОО-ға тарту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, оқытудың сапасы мен әдістері, сонымен қатар ауыл мектептері мен университет арасындағы байланысты нығайту өзекті мәселелерді талқылаудың тұжырымдамалық негізі болды. Сондай-ақ студенттердің үздіксіз тәжірибесіндегі жоспарланған өзгерістерге, студенттерге одан әрі тәжірибе мен қызметте мотивация беретін shadowing әдісін қолдануға ерекше назар аударылды.

Алғашқы және бағдарлы кездесуіміздің нәтижесінде біз алдағы жұмыстарымыздағы басымдықтар мен міндеттерді анықтадық, бірлескен іс-қимылдың нақты жоспарын әзірлеу үшін тағы да бірқатар кездесулер жоспарладық», — деді университет басшысы. Іскерлік кездесу туралы Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы Жолдас Батырхан да өз пікірін білдірді. «Бүгін Лаура Чапайқызының ұсынысымен өзім білім мен тәлім алған қасиетті қара шаңырақ Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде болудың сәті түсті. Білім ордасының әкімшілігімен өткен кездесу барысында білім сапасын арттыру, пәндерді оқыту әдістемесі, кадр дайындау, мұғалімдердің білім жетілдіру мәселелерін кеңінен талқыладық. Сонымен қатар, университет студенттерінің мектептердегі өндірістік тәжірибеден өту мерзімін ұзарту, білім алу мен тәжірибені қатар алып жүрудің өзектілігіне мән берудің қажеттілігіне тоқталдық. Алдағы кезеңде үздік мұғалімдердің университетте өз пәнінің әдістемесін оқытуына мүмкіндік туғызу жағдайларын да пысықтадық», — деп жазды ол өзінің Facebook парақшасында.

45,5% СТУДЕНЧЕСКОГО СОСТАВА — БУДУЩИЕ УЧИТЕЛЯ

45,5% состава студентов Zhubanov University - будущие учителя. Об этом сообщила ректор Лаура Карабасова. «Поэтому за качество дошкольного, начального и среднего образования в области отвечает и наш университет. Сегодня коллектив встретился с руководителем управления образования Актыбинской области Батырханом Жолдас Нурлановичем. Выбирая формат брейнсторминга, мы отошли от формальных подходов проведения официальных встреч и сформировали идеи модернизации и трансформации учительских знаний в регионе.

Концептуальной основой обсуждения актуальных вопросов стало совершенствование содержания программ обучения учителей, нехватка кадров, привлечение практиков в вузы, повышение квалификации учителей, качество и методы обучения, а

также укрепление связей между сельскими школами и университетом. Особое внимание было уделено также планируемым изменениям в непрерывной практике студентов, использованию метода shadowing, который дает студентам мотивацию в дальнейшей практике и деятельности.

В результате нашей первой и целенаправленной встречи мы определили приоритеты и задачи в дальнейшей работе, запланировали еще ряд встреч для выработки четкого плана совместных действий», - сказала глава университета.

Свое мнение о деловой встрече высказал и руководитель управления образования Актыбинской области Жолдас Батырхан. «Сегодня по предложению Лауры Чапаевны мне посчастливилось побывать в Актыбинском региональном университете им.К.Жубанова, где обучался и я. В ходе встречи мы обсудили вопросы повышения качества образования, методики преподавания дисциплин, подготовки кадров, совершенствования образования учителей. Кроме того, мы остановились на необходимости продления сроков прохождения студентами университета производственной практики в школах, придания значения актуальности совмещения образования и практики. Мы проработали условия, чтобы лучшие учителя могли преподавать в университете методику своего предмета», — написал он на своей странице в Facebook.

45.5% OF THE STUDENT ARE FUTURE TEACHERS

45.5% of the students of Zhubanov University are future teachers. This was announced by Rector Laura Karabasova. «Therefore, our university is also responsible for the quality of preschool, primary and secondary education in the region. Today the team met with the head of the Department of Education of Aktobe region Batyrkhan Zholdas Nurlanovich. Choosing the brainstorming format, we moved away from the formal approaches of holding official meetings and formed the ideas of modernization and transformation of teachers' knowledge in the region.

The conceptual basis for the discussion of topical issues was the improvement of the content of teacher training programs, the shortage of personnel, the involvement of practitioners in universities, teacher training, the quality and methods of teaching, as well as strengthening ties between rural schools and the university. Special attention was also paid to the planned changes in the continuous practice of students, the use of the shadowing method, which gives students motivation in further practice and activity.

As a result of our first and purposeful meeting, we identified priorities and tasks for further work, planned a number of meetings to develop a clear plan of joint actions," the head of the university said. The head of the Department of Education of the Aktobe region, Zholdas Batyrkhan, also expressed his opinion about the business meeting. "Today, at the suggestion of Laura Chapayeva, I was lucky enough to visit the Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, where I also studied. During the meeting, we discussed issues of improving the quality of education, methods of teaching disciplines, training, improving teacher education. In addition, we focused on the need to extend the terms of the university students' practical training in schools, giving importance to the relevance of combining education and practice. In the coming period, we have worked out the conditions so that the best teachers can teach the methodology of their subject at the university," he wrote on his Facebook page.

☑ Health

НА ПОРОГЕ «ГРИБНОГО» СЕЗОНА

С наступлением теплых дней человеку необходимо лучше ухаживать за кожей. Ведь повышение температуры воздуха вызывает опрелости, которые могут вызвать дерматомикозы - грибковые заболевания.

Дерматомикоз — это заразное грибковое заболевание кожи, которое может поражать ногти, стопы, кожу головы и тела. Это распространенные болезни, которые встречаются у 20-30% взрослых, а среди пожилых пациентов старше 70 лет микозы кожи наблюдаются у каждого второго. В основном дерматомикозами болеют дети до 14 лет. За 1 квартал 2022 года по городу Актобе было зарегистрировано 33 случая заболеваемости дерматомикозами, из них среди детей до 14 лет - 19 случаев.

Как можно заразиться дерматомикозами?

- от инфицированного человека;
 - от зараженного домашнего питомца;
 - через предметы личного пользования (тапочки, полотенце, расческа) либо в банях, саунах общественного пользования.
- Каковы симптомы дерматомикозов?
- гиперемизированные участки на поверхности;
 - патологические изменения на пластинах ногтей конечностей;
 - отшелушивание рогового слоя, образование чешуек;
 - образование пузырьков в очагах с высыпаниями;
 - появление опрелостей;
 - зуд и жжение.

Чтобы избежать заражения дерматомикозами необходимо:

- использовать персональные полотенце и расчески;
- поддерживать чистоту рук и лица на работе, в подъездах с помощью влажных салфеток;
- вытирать кожу между пальцами ног после купания в море, бассейне, ванне;
- носить свободную и комфортную одежду;
- водить домашних питомцев к ветеринару и не трогать бродячих животных.

Помните о том, что при появлении первых признаков дерматомикозов необходимо сразу обратиться к дерматологу. Ведь неправильное применение лекарств может даже самый безобидный грибок превратить в серьезную проблему.

Самал Есенова
главный специалист отдела
эпидемиологии Актыбинского
городского управления
санитарно-эпидемиологического контроля

☑ Dual training

РЕКТОР ФЕРРОҚОРЫТПА ЗАУЫТЫМЕН ТАНЫСТЫ



Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова Ақтөбе ферроқорытпа зауытында болып, өндіріс ерекшеліктерімен танысты.

“Ұйым басшыларының жеке таныстығы мен достық қарым-қатынасы — университет пен өндіріс арасындағы тығыз байланыстың көпірі. Бұл туралы түрлі әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар мәлімдейді.

Университет Ақтөбе өңірі экономикасының барлық саласына кадр даярлайтындықтан, 2021 жылдың желтоқсан айында өңірдегі аса ірі кәсіпорындардың басшыларымен танысқан болатынын.

Соның ішінде, KazChrome ТҰҚ қарайтын Ақтөбе ферроқорытпа зауыты — университет түлектері үшін аса ірі жұмыс беруші. Қазіргі уақытта кәсіпорында 700-ге жуық университет түлегі еңбек етуде.

«Металлургия» бағытында мамандар дайындау сапасын арттыру жұмыстары аясында Техникалық факультеттегі әріптестеріммен бірге зауытқа бардым. Зауыт директоры Жалғасбай Берекетұлымен арнайы кездесіп, алдағы уақыттағы жаңа бағыттарды анықтадық.

Зауыт 1943 жылдан бастап жұмыс істейді және өндіріс қуатылығын және тиімділігін арттыруға байланысты жылдан-жылға білікті инженер мамандар мен өндіріс менеджерлеріне сұраныс артып отыр. Кездесу нәтижесінде, “Металлургия” мамандығына жаңадан келген 1-курс студенттерін зауыт аумағы және балқыту цехтарымен таныстыру мақсатында шолу практикасын енгізу, инженер-техникалық бағыттағы жаңаша кадрлар даярлау мақсатында арнайы мақсаттық магистратура бағдарламасын әзірлеу және KazChrome R&D орталығымен бірлескен зерттеу жұмыстарын жандандыру туралы шешім қабылданды. Өрине, зауыт үшін кадр даярлау металлург мамандармен ғана шектелмейді, электроэнергетик, эколог т.б. мамандарды да қамтитын болады, — деп жазды ЖОО басшысы Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында.

Гүлнара Дауылбайқызы

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26ВРУ00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Сағдузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystiy gazeti

Таралымы: 5000 дана